

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

Б.М.Айтбаева

Қазақ тілі
(В-1 деңгейі)
(оқу құралы)

Қарағанды – 2014

Б.М.Айтбаева. Қазақ тілі (B-1 деңгейі). Экономика факультетінің көптілді топтары студенттеріне арналған: Оқу құралы. – Қарағанды: Тенгри баспаханасы, 2014. 123- б.

Оқу құралында экономика факультетінің көптілді топтары студенттеріне қазақ тілін базалық деңгейде меңгеруге арналған оқыту сабақтарының жоспары, лексикалық тақырыптарды оқыту үлгілері, сұхбаттар, тесттік сұрақтар, мәтіндер, қосымша материалдар берілген. Берілген мәтіндердің тәрбиелік мәні зор, студенттердің тілін дамытуы үшін өте қажетті. Берілген материалдар студенттердің тыңдап түсіну, оқып түсіну, жаза білу және сөйлей білу қабілеттерін арттырады.

Пікір жазғандар: Б.А.Жетпісбаева, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шет тілдер факультетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы;
А.С.Әділова, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы;
Б.М.Мәуленова, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты;
А.Б. Насырова, Қарағанды мемлекеттік медициналық университетінің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Алғы сөз

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту халықаралық стандартқа сай деңгейлік, коммуникативтік-бағдарлы оқыту әдістемесіне негізделуі қажет. Сондықтан оқу құралында қазақ тілін В-1 деңгейінде оқытуға арналған лексикалық және грамматикалық тақырыптар жинақталған.

Аталмыш оқу құралында В1-орта деңгейіне арналған сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым материалдары, мамандықтары бойынша мәтіндер, грамматикалық тапсырмалар берілген.

Оқулықта лексикалық, грамматикалық тақырыптар модуль бойынша жеңілден күрделіге қарай сұрыпталып алынған және грамматиканы бекіту мақсатында тыңдалым мен оқылым әрекеттерін дамытуға арналған мәтіндерде грамматикалық элементтер берілген. Сұхбаттар мен жағдаяттық тапсырмалар студенттердің сөйлесім мен айтылым әрекеттерін дамытуға бағытталған.

Ұсынылған материалдар қызықты әрі тартымды, танымдық мәні бар, күнделікті өмірмен тығыз байланысты сұрыпталып алынған.

Оқу құралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылы бекіткен "Көптілді білім беру мамандықтарына арналған қазақ тілінің базалық курсы бойынша типтік бағдарламасына" сәйкес құрастырылған.

Модуль мазмұны:

| № | Лексикалық тақырып | Грамматикалық тақырып |
|-----|--|--|
| 1. | I модуль. Сәлем - сөздің анасы. | Қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері, үндестік заңы, жіктік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, сөйлем түрлері, ауыспалы осы шақ. |
| 2. | II модуль. Отбасы-бақыт негізі. | Шартты рай, қарсылықты жалғаулықта біріккен сөз, тәуелдік форма |
| 3. | III модуль. Өз үйім-өлең төсегім. | Септік жалғау, жіктік жалғау, қалау рай, осы шақ, көмекші есімдер. |
| 4. | IV модуль. Уақыт алтыннан да қымбат. | Сан есім, септік жалғау, шылау, үстеу. |
| 5. | V модуль. Тәні саудың жаны сау. | Сын есім, үндестік заңы |
| 6. | VI модуль. Кәсібі бардың несібі бар. | Тұйық етістік, келер шақ, көсемше, есімше |
| 7. | VII модуль. Отан оттан да ыстық. | Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы |
| 8. | VIII модуль. Салтын білмеген, сауапты түсінбейді. | Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы |
| 9. | IX модуль. Мәдениет-халықтың ең үлкен рухани азығы. | Болымсыз етістік, етіс категориясы, рай категориясы |
| 10. | X модуль. Ақша кетуге тырысады, есеп ұстауға тырысады. | Септік жалғау, етіс категориясы, көмекші етістік, құрмалас сөйлем |

| | | |
|-----|---|--|
| 11. | XI модуль.Адамға әсемдік сезімін дарытпайынша, одан нағыз азамат шығара алмайсыз. | Құрмалас сөйлем,үстеу, болжалды келер шақ |
| 12. | XII модуль.Жері байдың, елі бай. | Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы |
| 13. | XIII модуль. Салық. Қазақстандағы салық жүйесі. | Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы |
| 14. | XIV модуль.Банктік жүйе. | Жедел өткен шақ,бұйрық рай,ортақ етіс |
| 15. | XV модуль. Жарнама-сауда двигателі. | Жедел өткен шақ,бұйрық рай, ортақ етіс |

*І модуль.
Сәлем – сөздің анасы.*



Грамматика: Қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері, үндестік заңы, жіктік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау, сөйлем түрлері, ауыспалы осы шақ.

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| <i>Ауыспалы осы шақ</i> |
| <i>Етістік +а/е/й/ +жіктік жалғауы</i> |
| <i>Оқы+й -оқи+мын</i> |
| <i>Есті+й- ести+мін</i> |
| <i>Тәуелдік жалғау</i> |
| <i>Мамандық +ы- мамандығы</i> |
| <i>Тек+ім- тегім</i> |
| <i>Тұрақты сөз тіркестері</i> |
| <i>Ағынан жарылу-шындықты айту</i> |

Есіңізде сақтаңыз!

Алғыс сөздер:

Көп рақмет, шын жүректен ризамын, пейіліңізге рақмет, ниетіңізге рақмет, алғыс айтамын, ризашылығымды білдіремін.

Сұхбаттар:

1.

- Қайырлы күн! Кешіріңіз, университет көшесіне қандай автобуспен баруға болады?
- Сәлеметсіз бе? Университет көшесіне №40 автобуспен баруға болады.
- Рақмет. Маған Қарағанды мемлекеттік университетіне бару керек. Маған қандай аялдамадан түсу керек?
- Сіз ҚарМУ аялдмасынан түсіп, жолдың келесі жағына өтесіз.
- Кешіріңіз, сіздің түріңіз таныс. Сіз ҚарМУ-де оқымайсыз ба?
- Иә, мен экономика факультетінде оқимын. Танысып қояйық, менің атым - Әсел.
- Менің атым - Анар. Мен заң факультетінде 2 курста оқимын. Қай мамандықта оқисыз?
- Мен қаржы және несие мамандығында оқимын. Өзіңіз ше?
- Мен халықаралық қатынастар мамандығында оқимын.
- Сізбен танысқанымға қуаныштымын
- Менде қуаныштымын. Сау болыңыз.
- Көріскенше. Сау болыңыз.

2.

- Сәлем, Болат, қалың қалай?
- Кешіріңіз, мен Болат емеспін.
- Кешіріңіз, сіз менің танысыма ұқсайды екенсіз.
- Оқасы жоқ.

Тапсырмалар:

1. Жоғарыдағы үлгі бойынша екеуара әңгімелесіңіздер.



2. Сұхбаттарды толықтырыңыз.

а)

- Сәлеметсіз бе, Әсел!

-
- Қалыңыз ?
-
- Денсаулығыңыз ?
-
- Көріскенше.
-

- ә)
- Амансың ба, Әсет! ?
 -
 - ?
 - Рақмет.
 -

- б)
- Сәлем, ?
 -
 - ?
 -
 - ?
 -



3. Екеуара жұмыстар.

а) Сұраулы сөйлем құрастырыңыз.

"Иә, жақсы, аман-есен, ептеп, шүкір, орынша, танысқанымға қуаныштымын, танысайық, танысып қойыңыз" репликаларымен жауап беріңіз.

ә) Төмендегі репликаларды қатыстырып, сұхбат құрастырыңыз.

Келесі кездескенше, аман-есен болыңыз, жолыңыз болсын, ақ жол тілеймін, амандықта кездесейік, қуанышта жүздесейік.



4. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтінді 3 жақта оқыңыз. Үлгі бойынша досыңыз туралы әңгіме құрастырыңыз.

Менің аты-жөнім Мәуленова Әсем Манатқызы. Мен студентпін. Мен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқимын. Бұл университет Қарағандының Оңтүстік-Шығысында орналасқан. Менің ұлтым - қазақ.

5. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіз, оларды қатыстырып, сұхбат құрастырыңыз.

- а) Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл!
- ә) Бір көрген біліс, екі көрген таныс.
- б) Адам тілдескенше, жылқы кісінескенше.
- в) Танымасын сыйламас.
- г) Базарда мың кісі бар, әркім сүйгеніне сәлем берер.



7. Үшеуара жұмыс. Сұхбатты оқыңыз. Бұл сұхбатта сіз үшінші адамсыз. Өз репликаңызбен сұхбатты толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, Әсел Манатқызы.
- Аман-есенсіз бе, Анар Маратқызы.
- Қал-жағдайыңыз қалай?
- Рақмет, қал-жағдайым жаман емес.
- Денсаулығыңыз қалай?
- Құдайға шүкір. Сіздің қалыңыз қалай?
- Жақсы. Рақмет.
- Сау болыңыз.
- Сау болыңыз. Көріскенше.

8. Берілген үлгі бойынша сұхбат құрастырыңыз.

- Ал, балам, жолың болсын.
- Айтқаныңыз келсін, апа.
- Үйге жеткеннен кейін хабарлас. Оқуыңды оқы, бізге алаңдама.
- Жарайды, апа. Қысқы демалыста келемін.
- Сау бол, балам! Аманшылықпен кездесейік.
- Сау болыңыз, апа!

9. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Лтипатыңызға рақмет, алғыс айтамын, өте ризамын,
ризашылығымды білдіргім келеді, кеңесіңізге рақмет, ниетіңізге
рақмет, ағынан жарылу, жылы қабылдағаныңызға рақмет.



11. Мәтінді тыңдаңыз. Мағынасын түсіндіріңіз. Бата құрастырып көріңіз.

Қошқарұлы Жәнібек жас кезінде Қаракерей Соғыр Абыздан бата сұрай барғанда, ол кісі былай депті:

Жолыңды Алла қолдасын,

Жаманшылық болмасын.

Сертімен сөзде тұратын,

Сенімді болсын жолдасың.

Жолыңды кесем дегендер

Ешқашан да оңбасын.

Сәтті болып істерің,

Жақсы болсын түстерің.

Көрмеген жерді көріп қайт,

Қайырылып сәлем беріп қайт.

Бақ қосылып басыңа,

Дақ түспей ар мен бағыңа,

Сау-саламат өзіңмен.

Кездесейік тағыда.

12. Мәтінді оқыңыз. Мәтін негізінде түйіндеме құрастырып, сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

Сөйлеу әдеби

Әр адамның өз сөйлеу мәнері, сөз ерекшелігі болады. Дегенмен, сөйлескенде адам мынадай қарапайым нәрселерді бойда қалыптастырғаны дұрыс.

I. Сөйлеген кезде әр сөздің айтылу заңдылықтарын сақтап, мағынасына орай сөйлемде дұрыс қолдануға дағдылану керек.

II. Сөйлесіп отырғанда, пікіріңді айтқанда қолды сермеуге, қатты күлуге, бет-ауызды қатты қимылдатып, жөні жоқ қисандата беруге болмайды.

III. Өзің туралы көп айта беру, барлық сөзді өзің бастау- ол да әдепсіздікті көрсетеді.

Ү.Білмейтінің жөнінде айтпа, өзің түсінбейтін сөздерді қолданба.

Аса қызынып, тез сөйлеудің көп жағдайда қажеті жоқ. Егер сөйлесіп отырған адам қатты сөйлесе, одан да қатты айғайлап сөйлеуге тырыспау керек(М.Балақаев).

13. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.



14. Өзіңіздің сөйлеу тіліңізде кездесетін он кемшілікті жазыңыз. Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық қажет пе?Қандай дайындық қажет?

15.Төмендегі тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіріңіз. Оларды пайдаланып, сұхбат құрастырыңыз.

Айтылған сөз атылған оқ, артына сөз қалдыру, аузының суы құру, аталы сөз, жылы сөз, жез таңдай, ас панға көтеру.

16. Бұқар жыраудың шешендік сөзін оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз.

Көш бастау қиын емес,
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын,
Шешуін адам таппас дау бар.


17. Жағдаяттық тапсырмалар.



- а)Сізге жастар форумында сөз берілді. Не туралы айтасыз?
ә)Қаржыгерлердің мәдени мерекесіне байланысты өткен салтанатты жиында сізге сөз берілді.Көпшілікті мерекесімен құттықтап, мамандығыңыздың қызығы мен қиындығы туралы, не үшін бұл кәсіпті таңдағаныңыз туралы айтыңыз.
б)Досыңыздың ата-анасымен амандасыңыз, өзіңізді таныстырыңыз

18. Бөлтірік шешеннің ақыл-кеңесіне назар аударыңыз.

- Не сөйлейтініңді біл,
Кімге сөйлейтініңді біл.
Қай жерде сөйлейтініңді біл.
Қай кезде сөйлейтініңді біл.
Қалай сөйлейтініңді біл.



Грамматика: Шартты рай, қарсылықты жалғаулықтар, біріккен сөз, тәуелдік форма.

Назар аударыңыз!

Шартты рай

Кел+се, айт+са

Мысалы: Егер жалақы өссе, отбасы бюджеті өседі.

Қарсылықты жалғаулықтар:

(Алайда, бірақ, дегенмен)

Біз шаңсорғыш сатып алдық, бірақ кепілдеме алған жоқпыз.

Тәуелдік форма

Ағамның бала+сы, тек+i=тегі

Бала аға+m+дікі

Есіңізде сақтаңыз!

Қаратпа сөздер:

Мырза, ханым, әжесі, апай, қарағым, балам, ағатай, бауырым.

Сұхбат:

Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыз. Өз репликаңызды қойыңыз.

- Амансыз ба?
- Сәлеметсіз бе?
- Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім Мәуленова Әсел Манатқызы.
- Сіз тұрмыстасыз ба?
- Иә, мен тұрмыстамын.
- Сіздің отбасыңызда неше адам?
- Менің отбасымда үш адам.
- Олар кімдер?
- Олар: жұбайым, қызым, және мен.

Тапсырмалар:

1. Суретпен жұмыс.

Сурет арқылы отбасы мүшелерін таныстырыңыз.

Мысалы: Мынау менің жұбайым. Оның аты – Ерік. Мынау менің қызым. Оның аты - Арай.





2. Мәтінді тыңдаңыз.

3. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

4. Өз отбасы мүшелерінің қызметі туралы әңгімелеңіз.

5. Төмендегі сөздерге қарама-қарсы мәндес сөздерді табыңыз.

| | |
|--------------|-------------|
| Ана- | Әйел- |
| Тұрмыс құру- | Үйлену- |
| Жігіт- | Тәте- |
| Абысын- | Нағашы апа- |

6. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіз.

- | | |
|-----------------------------|--------------------------------|
| 1. Әке – асқар тау. | 1. Қыздың ұяты шешеге келеді. |
| 2. Ананың көңілі балада. | 2. Ана-жүрегің. |
| 3. Ұлдың ұяты әкеге келеді. | 3. Анасыз қыз жасауға жарамас. |
| 4. Әке – тірегің. | 4. Ана- мөлдір бұлақ. |
| 5. Атасыз ұл жарымас. | 5. баланың көңілі далада. |



7. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, көшіріп жазыңыз.

Қазақ отбасында орны ерекше. – отбасының тірегі. Отбасы мүшелері тыңдайды. орны да ерекше. де, балалар да, сыйлайды. мен ақылдасып, үйленген ұлдарына бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына береді. Қазақ отбасында орны да үлкен. ерекше құрметтейді.



8. Мына сөздерге мәндес сөздер жазыңыз.

Балалы-шағалы, құрмет көрсету, бейтаныс, қарсы алу, неке құру, сүйіспеншілік, нәресте, отбасы, ағайын, борыш, ұрпақ.

9. «Балалы үй- базар» тақырыбына сұхбат құрастырыңыз.

10. Мәтінді оқыңыз, түсініксіз сөздерді теріп жазыңыз.

Экономика отбасына қалай көмектеседі?

Егер елдің қалай тұратынын білгін келсе, алдымен әр отбасының қалай тұратынын біл. Отбасы кез келген ел экономикасының айнасы. Отбасындағы адам мінез-құлқы экономиканың жалпы қағидаларына бағынады. Бірінші ереже-отбасының бюджетін құрайтын табыстар мен шығындарды дұрыс бөлу.

Отбасы табысын не құрайды? Бұл –ата-ананың алатын жалақысы және тағы да басқа қосымша табыстар құрайды.Әр отбасының табыспен қоса шығындары да болады.Шығындар отбасы бюджетінің екінші бөлігін құрайды.(kk.wikipedia.or).

11. Сіздің ойыңызша қай отбасы ақша қаражаттарын үнемді ұстайды. Пікіріңізді дәлелдеңіз.

Махановтар отбасы

| ТАБЫС | ШЫҒЫН |
|---|---|
| 1.Жалақы: Әке- 75000 теңге Ана- 80000 теңге | 1.Азық-түлік өнімдері- 20000 теңге |
| 2.Зейнетақы: Әже-4500 теңге | 2.Коммуналдық төлемақы- 30000 теңге |
| 3.Салымнан түсетін үстеме ақша- 12000 теңге | 3.Киім-кешек сатып алу- 45000 теңге |
| | 4.Көлікке жұмсалатын қаражат- 30000 теңге |
| | 5.Дәрі-дәрмек сатып алу- 6000 теңге |

Алдановтар отбасы

| ТАБЫС | ШЫҒЫН |
|--------------|-------------------------------|
| 1.Жалақы: | 1. Азық-түлік өнімдері- 20000 |

| | |
|--|---|
| <i>Әке- 200000теңге</i> | <i>теңге</i> |
| <i>2.Студент стипендиясы: Ұл- 12600теңге</i> | <i>2. Коммуналдық төлемақы- 25000 теңге</i> |
| <i>3.Зейнетақы: Ана-55000 теңге</i> | <i>3.Киім-кешек сатып алу- 40000 теңге</i> |
| | <i>4.Тұрғынүй жинақ қорына- 50000</i> |

12. Төмендегі диаграмманы толтырыңыз.

Отбасы бюджеті неден құралады? Сенің отбасынның шығындары қандай? Өз отбасынның табыстарының негізгі көздерін ата. Сенің отбасы бюджетінде не көп?

ТАБЫСТАР

ШЫҒЫНДАР

Жалақы

| |
|-----------------------|
| <i>Отбасы бюджеті</i> |
|-----------------------|

13. Мәтінді оқыңыз. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

Қазақстандықтардың өмір сапасын артуы

(Елбасы Жолдауынан үзінді)

Біріншіден, ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айырықша маңыз бере отырып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдеақы мөлшері 34740 теңгеге дейін немесе 2 есе арттырылсын.

Баланы бір жасқа толғанға дейін күтуге төленетін ай сайынғы жәрдеақы:

- Тұңғыш бала туғанда -5790 теңгеге дейін немесе 177% -ға
- Екінші бала туғанда -6369 теңгеге дейін немесе 167% -ға
- Үшінші бала туғанда -6948 теңгеге дейін немесе 159% -ға

- Төртінші және одан да көп туғанда -7527 теңгеге дейін немесе 153% -ға көбейтілсін.

Балалы отбасыларын қолдауға қажетті қосымша қаражат 9,5 миллиард теңгені құрайды (*ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007 жыл*).

14. «Менің отбасымның бюджеті» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз.



15. Рөлдік ойындар.

а) «Сіз және біз» бағдарламасының жүргізушісі, қонақтар. Бүгінгі бағдарламаның тақырыбы «Бюджет»

ә) Сіз үйде бастаңғы ұйымдастырдыңыз. Сізге бастаңғыға 6 адам келеді.

6 адамға дастархан шығынын есептеп шығарыңыз. Қандай тағамдар дайындайсыз?

Бастаңғыға келген жастар ән айтып, дастарханға бата жасайды. Бата құрастырып көріңіз.



16. Жағдаяттық тапсырмалар.

а) Өкеніздің еңбекақысы екі есеге өсті. Оған қосымша әкенізге бір айлық жалақы мөлшерінде сыйақы берілді. Отбасы қуанышымен бөлісіңіз.

ә) Сіздің нағашы апаңыз кішкентайлы болды. Сізден **көрімдік сұрады. Қуанышымен құттықтап, **көрімдік** беріңіз.**



17. Өз отбасыңыздың шежіресін жазыңыз.

Мысалы: Ата-----әке---бала-----немере-----шөбере-----
немене-----шөпшек----- туажат.

18. «Отбасы мұрағаты» ойыны. Отбасыңыздың маңызды оқиғалары туралы отбасы мұрағатын (фото, хат, жеделхат) пайдаланып, шағын әңгіме құрастырыңыз.

19. «Кім жылдам?» ойыны. Әр топ өзіне берілген сөздермен танысады. Берілген сөздерді пайдаланып бір-біріне сұрақтар қояды.

Мысалы: Айбар кімнің баласы?

Айбар нағашы ағамның баласы.

Бұл бала кімдікі?

Бұл бала нағашы ағамдікі.

20. Бабалар сөзі. Өз пікіріңізді айтыңыз.

Біріншіден не жаман?

-Білімсіз болған ұл жаман.

Екіншіден не жаман?

-Ананың тілін алмаған,

Қасарысқан қыз жаман(А.Керейұлы).

Репозиторий Қарғу

III модуль. Өз үйім-өлең төсегім.



Грамматика: *Септік жалғау,жіктік жалғау,қалау рай, осы шақ, көмекші есімдер.*

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| <p>Жатыс септігі(Қайда?) <i>Қарағанды қала+сы+нда, Мұқанов көше+сі+нде, үй+де, қабырға+да, қабат+та, кіреберіс+те</i></p> |
| <p>Етістік+{ осы шақ,өткен шақ, келер шақ} +жіктік жалғау <i>Мен пәтерде тұр+а+мын</i></p> |
| <p>Қалау рай(етістік+ғы,гі,қы,кі+тәуелдік жалғау) <i>Жиһаз сатып ал+ғы+м келеді.</i></p> |
| <p>КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР: <i>Үсті, асты, алды, жаны, арты, бойы, ортасы, шеті, маңы, арасы, айналасы.</i></p> |
| <p>Біріккен сөз <i>Тоңазытқыш,еңбекақы,,шаңсорғыш</i></p> |

Сұхбат:

- Сәлеметсіздер ме, қош келдіңіздер, төрлетіңіздер!
- Сәлеметсіздер ме, қоныстарыңыз құтты болсын! Үйлеріңіз кең екен. Мынау біздің шашуымыз.
- Көп рақмет. Сіздерге үйді көрсетейін.Мынау - ас үй.

- Ас үй өте қолайлы орналасқан екен. Терезесі күн жақта, жарық.
- Мынау – қонақ бөлме.
- Бұл бөлме де үлкен екен.
- Сол жақта жуынатын бөлме, дәретхана бар. Оң жақта балалар бөлмесі және жатын бөлме орналасқан.
- Барлығы тамаша екен. Үйлеріңізге бақ қонсын!
- Рақмет. Жүріңіздер, дастархан басына барайық.

Тапсырмалар:



1. Жогарыдағы үлгі бойынша көршіңізбен әңгімелесіңіз.

2. Досыңызға қоныс тойға шақыру жіберіңіз.



3. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

Біздің үй

Біз орталықтағы тоғыз қабатты үлкен үйде тұрамыз. Біздің үйімізде төрт подъезд бар. Әр қабатта төрт бөлмелі, үш бөлмелі, екі бөлмелі пәтер бар. Пәтерлер жылы, бөлмелері кең, жарық.

Біздің пәтеріміз төрт бөлмелі. Бөлмелер өте кең, жарық, қолайлы. Қонақ бөлмесінің оң жағында диван, екі кресло және журнал үстелі тұр. Сол жағында теледидар, үлкен үстел және алты орындық тұр. Еденде қоңыр-қызыл кілем жатыр. Терезеде әдемі ақ перде ілулі тұр. Қонақ бөлменің жанында кабинет орналасқан. Кабинетте жазу үстелі, оның қасындағы үстелде компьютер тұр. Оң жақта кітап сөресі. Ас үйде шкафтар, бұрышта тоназытқыш, ортада ас үстелі және орындықтар тұр. Сол жақта балалар бөлмесі орналасқан. Бұл бөлмеде кереуеттер, шкафтар, жазу үстелі, орындықтар, кітап сөресі бар. Жатын бөлме балалар бөлмесінің жанында орналасқан. Бұл бөлмеде ақшыл түсті жатын жиһазы тұр. Кіре берісте киім ілгіш, айна, бұрышта телефон бар.

Біздің үйіміз автобус аялдамасына жақын. Маған біздің үй ұнайды.

4. Үлгі бойынша өз үйіңізді суреттеңіз.



5. Мәтін бойынша газетке үйді сату рубрикасына хабарландыру беріңіз.



6. Рөлдік ойын. Әрбір қатысушы «Үй, пәтер» тақырыбына қатысты бір затты таңдайды. Не үшін таңдағанын білмейді.

Мақсат: өзін осы зат түрінде елестете отырып, соның атынан сөйлеу.

Мысалы: Мен теледидармын. Мен үлкенмін. Менің атым- Сони. Мен спорт бағдарламаларын жақсы көремін.

7. Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сұхбат құрастырыңыз.

Босағаға бас киімңді ілме.

Үйге қарай жүгірме.

Үйге сыртыңмен кірме.

Босағаны керме.

Үйде ысқырма.

8. Көмекиі есімдерді пайдаланып үйіңіздің жанында қандай мекемелер бар екенін әңгімелеңіз.

Мысалы: Менің үйім қаланың орталығында орналасқан. Үйдің жанында цирк бар.

9. Үйіңізге қандай жиһаз алғыңыз келеді? Сызба бойынша әңгімелеңіз.

Қонақ бөлме----- балалар бөлмесі-----жатын бөлмесі-----ас үй-----дәліз.

10. Мәтінді үш жақта аңгімелеңіз.

Менің бөлмем

Менің өз бөлмем бар. Онда өзіме қажетті заттарым ғана тұрады. Бөлмеде бір кереует, бір үстел, шкаф, орындықтар бар. Кереует оң жақ қабырғада тұр. Кереуетте көрпе, жастық, шкафта киімдерім тұрады. Шкаф бұрышта тұр. Үстел сол жаққа қабырғаның жанында тұр. Үстелде сабаққа дайындаламын. Онда кітаптар, қалам, қарындаштар, оқу құралдары, компьютер тұрады. Бөлмем өте үлкен, қолайлы, жарық, таза. Бөлмемнің терезесі аулаға қарайды. Бөлмем өзіме ұнайды.



11. Жоғарыдағы үлгі бойынша өз бөлмеңіз туралы аңгіме құрастырыңыз.



12. Жағдаяттық тапсырмалар.

- а) Айталық, сіз жер сатып алдыңыз. Сол жерге үлкен үй салғыңыз келеді. Болашақ үйіңіздің схемасын сызып, оны түсіндіріңіз. Үй салуға кететін қаржыны есептеңіз.
- ә) Сіз Күнгейден жер сатып алдыңыз. Сол жерге үй сала бастадыңыз. Сізге көмек керек. Барлық туыстарыңызды, достарыңызды асарға шақырыңыз.
- б) Сіздің досыңыз теледидар сатып алды. Оған байғазы беріңіз.
- в) Сіз кіржуғыш машинаңызды сатқыңыз келді. Газетке хабарландыру беіңіз.
- г) Сіздің тоназытқышыңыз сынып қалды. Үйге тоназытқыш жөндеу шеберін шақырыңыз.
- ғ) Сіз үй салуды жоспарладыңыз. Үйді қай жерде саласыз? Үй салуға қандай құжат жинайсыз? Қанша уақытта салып бітіресіз? Үйді қалай саласыз? Үйге қажетті құрылыс жабдықтарын Қытайдан аласыз ба? Жиһазды қайдан аласыз? Үй салуға кететін шығынды есептеңіз. Салған үйді саттыңыз. Қанша кіріс түсті? Шығын мен кірісті салыстырыңыз.

13. Асты сызылған сөзді ауыстырып оқыңыз.

Мен қалада тұрамын. Мен Мұқанов көшесінде тұрамын.

Мен ас үй жиһазын сатып алдым. Пәтерім бес бөлмелі

15. «Мекенжай» сөзіне 10 ассоциация жазыңыз.

16. Төмендегі тұрмыстық техника не үшін керек?

Тоңазытқыш, желдеткіш, шаңсорғыш, кіржуғыш машинасы, үтік, асүй комбайны, мұздатқыш, қостолқынды пеш.

17. Үйіңіз тұрған жердің жоспар-сызбасын құрастырыңыз.

Сызба бойынша әңгімелеңіз.

Репозиторий қарғу

ІУмодуль. Уақыт алтыннан да қымбат.



Грамматика: Сан есім, септік жалғау, шылау, үстеу.

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| Үстеу(Қашан?) <i>Кеше, бүгін, таңертең</i> |
| Етістік+уі(-уы)+ тәуелдік жалғау +керек <i>Кел+у+і керек, бар+у+ым керек</i> |
| Сан есім <i>Ол неше+де? Ол он тоғыз+да</i> |
| Шылау <i>Үшке дейін, бестен кейін</i> |

Сұхбат:

- Алло, сәлеметсіз бе! Әсел үйде ме?
- Сәлеметсіз бе! Қазір шақырайын.
- Сәлем, Әсел! Мен –Араймын.Қалың қалай?
- Рақмет. Жаман емес. Мен сені танымай қалдым. Өзіңнің қалың қалай?
- Рақмет.Бәрі орынша. Сенбі күні қолың бос па?
- Иә, қолым бос.
- Мен сені туған күніме шақырамын.
- Сағат нешеге?

- «Шаңырақ» мейрамханасына сағат үште кел.
- Жақсы. Сағат үште келемін.
- Көріскенше. Сау бол.
- Сау бол.

Тапсырмалар:



1. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыз. Үлгі бойынша екеуара әңгімелесіңіздер.

2. «Циферблат» ойыны.

Барлығы үлкен циферблат салынған ақ қағазға тұрады. Өрқайсысы циферблаттағы уақытты өздері тандайды.

Міндет: Осы уақытта немен айналысасыз?



3. Жағдаяттық тапсырмалар.

а) Сіз досыңызбен сағат алтыда кездесуге уәде бердіңіз. Бірақ сіз келе алмадыңыз. Досыңыз сізге ренжіді. Досыңызға себебін түсіндіріңіз

ә) Сіз таңертең сабаққа 30 минут кешігіп келдіңіз. Себебін түсіндіріңіз.

б) Сіздің сағаттыңыз тоқтап қалды. Сізге уақыттың қанша болғанын білу керек. Бейтаныс адамнан сағат сұраңыз.

в) Сіз жұмыста кідіріп қалдыңыз. Сіздің қарныңыз ашты. Сізге 1сағаттан кейін кездесуге бару керек. Әріптесіңізден 1 сағатта қайдан тамақтануға болатынын сұраңыз.

г) Қойын кітапшаңызға қараңыз. Не үлгердіңіз, не үлгермедіңіз? Нақтылаңыз.

Мысалы: Сағат 10.30-да анам телефон соғу- телефон соқтым.

ғ) Сізге Ресейден досыңыз келді. Сіз аптаның әр күнін жоспарлаңыз. Досыңызды қашан, қайда апарасыз?

д) Ертең сіздің досыңыздың туған күні. Ол сізді туған күніне шақырды. Сіз оған не сыйлайсыз? Досыңыз нешеге келді?

ж) Ертең сіздің досыңыздың туған күні. Ол Ресейде тұрады. Сіз оған құттықтау хат жіберіңіз.

4. «Қимыл» ойыны.

Әрқайсысы кезекпен ымдап таңертең не істегенін көрсету керек.

Міндет: Сөзбен түсіндіру.

5. Теледидар бағдарламасына шолу жасаңыз. Бағдарлама атауы, сағат нешеде болады, неше уақыт болады?

Мысалы:

Қазақстан-Қарағанды арнасының 15 қазан жұма күніне арналған бағдарламаларымен таныс болыңыздар. Таңертеңгі сағат 8.00-де Таң шолпан бағдарламасы.



7. Мәтінді тыңдаңыз.

Менің күн тәртібім.

Мен таңертең сағат 07.00-де тұрамын, жуынамын, тіс тазалаймын. Сағат 07.25-те таңертеңгі ас ішемін. Сағат 07.50-де үйден шығамын. Сабақ сағат тура 08.30-де басталады. Үлкен үзіліс сағат 10.20-дан 10.50-ге дейін. Сабақ сағат 18.40-та аяқталады. Сабақтан үйге сағат 19.30-да келемін. Сағат 20.00-де кешкі ас ішемін. Сағат 21.30-да кешкі жаңалықтарды көремін. Сағат 22.00-де сабаққа дайындаламын. Сағат 24.00-де ұйықтаймын.

8. Мәтін бойынша 3 жақтан сұрақ құрастырыңыз.

9. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

10. Жоғарыдағы үлгі бойынша өзіңіздің күн тәртібіңізді құрастырыңыз.

12. «Уақыт» ойыны.

Әрқайсысы қабат-қабат торт суретін салады.

Міндет: Әр қабатқа уақыт көрсету. Әр уақытқа түсінік беру.

Мысалы: Сағат 09.00.

Таңертеңгі сағат 09.00-де мен жұмыста боламын.



13. Төмендегі үлгі бойынша өзіңіздің апта жоспарыңызды құрастырыңыз.

Апта жоспары

| | |
|-----------------|--|
| <i>Дүйсенбі</i> | <i>Би үйірмесіне бару</i> |
| <i>Сейсенбі</i> | <i>Қазақ тілінен қосымша сабаққа бару</i> |
| <i>Сәрсенбі</i> | <i>Экономика теориясы пәнінен реферат дайындау</i> |
| <i>Бейсенбі</i> | <i>Волейбол секциясына бару</i> |
| <i>Жұма</i> | <i>Мешітке бару</i> |
| <i>Сенбі</i> | <i>Әжеме бару</i> |
| <i>Жексенбі</i> | <i>Анама көмектесу</i> |

14. Сұрақ-жауап.

Көршіңізбен әңгімелесіңіз. Сіз демалыс күніңізді қалай өткізесіз? Сіз демалыс күніңізді алдын-ала жоспарлайсыз ба?

15. Есіңізде сақтаңыз!

Жеті күнді санау:

I. Бүгін

II. Ертең

III. Бүрсүгүні

IV. Арғы күні

V. Қасиетті күн

VI. Соңғы күн

VII. Азына

Түнеукүні – бірнеше күн бұрын



**16. Қазақ халқының ырымдарымен танысыңыз.
Сұхбат құрастырыңыз.**

I. Сейсенбі күні үлкен іске кіріспейді, мал сойылмайды, жаңа мекенге көшпейді, алыс жолға шықпайды.

II. Сәрсенбі - сәтті күн. Үлкен іске кірісуге, алыс жолға шығуға болады.

III. Жұма - қасиетті күн. Бұл күні үлкендер Құраннан дұғалар оқиды, мешітке барады. Ет көп болсын деген ниетпен халқымыз қысқы соғымдарын сойған.

17. Отбасы мүшелері бос уақытта немен айналысқанды ұнатады?

Негізгі жақсы көреді?

Немен шұғылданады?

Негізгі ұнатады?

Не істейді?

18. Ұлылардан қалған сөз. Мағыналарын түсіндіріңіз. Өз пікіріңізді айтыңыз.

Ақша – қымбат, адам өмірі одан да қымбат, ал уақытың бәрінен де қымбат (А.В.Суворов).

Әркім өз уақытын еңбегінің көлемімен өлшегені - ең дұрыс жол (В.Г.Белинский).

Адам баласының қолымен жасалғанның бәрі – уақыт пен төзімнің жемісі (О.Бальзак).

Уақытты тоқтатар шама бар ма?

Бәрі өтеді дәуірлер замандарда.

Менің жаным ашиды мына өмірді,

Өтпейтіндей көретін адамдарға (М.Мақатаев).

19. Ән жаттайық. Өз ойыңызды жазып көріңіз.

Бір жастан жүз жасқа дейін

(Кенен Әзірбаев)

Бір жас бар он жас деген ойнақтаған

Тай мініп жабағыны ойнақтатқан.

Келген соң одан әрі он бес жас бар,

Жастық шақ еш нәрсені ойлатпаған.
Жиырмада өз жүзінді түзейсің ғой,
Шашыңды кейін қарай күзейсің ғой.
Үлгісін ағалардың көргеннен соң,
Ой ойлап әр нәрсені жүдейсің ғой.
Отызда үй иесі болсың ғой.
Балаңды әлди қағып аласың ғой.
Келген соң одан әрі отыз бес жас,
Жігіттік қыдырыстан қаласың ғой.



20. Ән айтайық!

Туған күн кешінде

Сөзі, әні: М.Шахановтікі

Тойыңа гүл алып,
Келіп ем қуанып,
Қарсы алдың күлімдеп көктемдей.
Жүзіңе нұр толып,
Кетіпсің құлпырып,
Бір бақыт сәулесін сепкендей.

Қайырмасы:

Сен туған күн, мерекеміз,
Ән бастайық, кел екеуміз.
Ұмытпа сен, құрбым,
Есте қалсын мәңгі бұл күн.

21. Сөздікпен жұмыс. Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Шымшым, шөкім, бір уыс, сүйем, қарыс, адым, құлаш, табан, аттам, тұтам, білем, шынтақ, елі.

Ү модуль. Тәні саудың –жаны сау.



Грамматика: Сын есім, үндестік заңы, күшейткіш үстеу.

Назар аударыңыз!

| |
|---|
| Сын есім(қандай?) Адал, әділ Білім+ді, ақыл+ды, қыр мұрын+ды |
| Үндестік заңы Еңбек+қор Өнер+паз |
| Күшейткіш үстеу өте, ең, аса |

Сұхбат:

- Сәлем, Анар!Қалың қалай?
- Рақмет. Құдайға шүкір, қалым жақсы.
- Анар, біздің топқа бір студент ауысып келді.
- Ол қайдан ауысып келді.?
- Ол өзі Қарағанды қаласынан. Ол Әл-фараби атындағы Ұлттық Қазақ университетінде экономика мамандығында оқыған. Қазір қаржы және несие мамандығына ауысты.

- Оның аты-жөні кім?
- Оның аты-жөні Мағзұмов Айбар Айдынұлы.
- Оның аты-жөні маған таныс. Оның сыртқы келбеті қандай?
- Оның бойы ұзын, шашы қара. Ол қыр мұрынды, қой көзді, келбетті, денелі, қараторы жігіт.
- Оның жасы нешеде?
- Оның жасы он тоғызда.
- Сен ертең маған кел. Мен сені Айбармен таныстырамын.
- Жарайды. Мен сағат бірде барамын. Сау бол.
- Кездескенше.

Тапсырмалар:

1. Төмендегі мақал-мәтелдерді оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз, оларды қатыстырып сұхбат құрастырыңыз.

- а) Адамның сырты алдамшы.
- ә) Еріншек адамның ертеңі бітпес.
- б) Әдептілік, ар-ұят–адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат– надандықтың белгісі.
- в) Ақылды адам ойлап айтады, ақылсыз адам қайдан табады.
- г) Алған жомарт емес, берген жомарт.
- ғ) Кішіпейілдіктен кішіреймейсің.

2. Досыңыздың сыртқы келбетін сипаттаңыз. Қай мінезі ұнайды, қай мінезі ұнамайды.



3. Мәтінді тыңдаңыз.

Менің досым Қанат.

Менің досымның аты – Қанат. Мен онымен Астана қаласында таныстым. Ол Астана қаласында дүниеге келген. Қанат - денелі, келбетті, сұлу жігіт. Ол– отызда. Ол– қаржыгер. Ол– жауапты, іскер, білікті, тәжірибелі маман. Ол– өте қарапайым, көпшіл, бауырмал, ақкөңіл адам. Ол спортпен шұғылданады. Оның достары көп.



4. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

5. «Бұл кім?» ойыны.

Әрқайсысы бір атақты адам тұлғасын таңдайды.

Әрқайсысының міндеті: Өз болжамын айту.

Топтың міндеті: кім туралы айтылғанын табу керек.

6. Әрқайсысы жеребе бойынша бір-бірінің аты-жөні жазылған қағазды алады.

Мақсаты: сыпайы, әдептілікпен сын айту.

Мысалы: Менің ойымша сізге шаштаразға бару керек. Себебі сізге ұзын шаш жараспайды.



8. Жаздаяттық тапсырма.

Жаңа досыңызды, оқытушыларыңызды әкешіменіңізбен таныстырыңыз.

Мысалы: Бұл – Әсет. Менімен бірге қаржы және несие тобында оқиды. Ол ақкөңіл, жауапты, еңбекқор, әділ, жомарт, шыншыл.

Мына кісі – біздің кураторымыз Әсел Маратқызы. Ол өте мейірімді, көпшіл, жауапты, еңбексүйгіш.

9. «Кімді жасырдым?» ойыны. Топта отырған бір адамның сыртқы келбетін, мінезін сипаттаңыз. Бірақ кім екенін айтпайсыз. Топтың міндеті кім екенін табу.

10. Топ болып талқылаңыздар. Екі топқа бөлініп, текті қыз бен жігіттің сыртқы келбеті, мінезі қандай болу керек екенін айтыңыз. Өз пікірлеріңізді дәлелденіздер.



11. Ән жаттайық.

Гауһар тас

(Халық әні)

Ажарың ашық екен атқан таңдай

Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай.

Анаңнан сені тапқан айналайын,

Күлім көз, оймақ ауыз, жазық маңдай!

Қайырмасы:

Беу-беу, гауһар тас,

Құсни құқрдас,

Раушан жүзін көргенде,

Сәулем-ау, сабырым қалмас.

Ажарың ақ түлкідей қашқан құмнан,

Шолпандай таң алдында жалғыз туған.

Жылы су, қолда құман, қарда орамал.

Жібекпен қызыл гәріс белін буған.

Қайырмасы:

Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,

Сылдырап шашбауың мен алтын сырғаң.

Жай жүріп шаттанасың әсерленіп,

Әсемсің жүйрік аттай мойнын бұрған.



12. Төмендегі сөздерді пайдаланып, отбасы мүшелерінің сыртқы келбетін сипаттаңыз.

Еңгезердей, сұңғақ бойлы, қысқа бойлы, бота көзді, қой көзді, өткір көзді, қысық көзді, қолаң шашты, бұйра шашты, шашы қайратты, селдір шашты, қиғаш қасты, жіңішке қасты, кең маңдайлы, тар маңдайлы, қыр мұрынды, тәмпіш мұрынды, таңқы мұрынды, кара торы, аққұба, томпақ ерінді, жұқа ерінді, қыпша белді, бұраң бел, кең иықты, тістері маржандай, сопақ басты.

13. Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріңіз. Сұхбат құрастырыңыз.

Көп сөйлеме.

Орынсыз күлме.

Мақтаншақ болма, тәкәппар болма.

Үлкендердің жолын кеспе, сөзің бөлме.

Кісі мініне күлме.

Кісі айыбын бетіне баспа.

14. «Мен ақынмын» ойыны.

Топтағы бір адамға әзіл өлең шығарып көріңіз.

ҮІ модуль. Кәсібі бардың несібі бар.



Грамматика: Тұйық етістік, келер шақ, көсемше, есімше.

Назар аударыңыз!

| |
|---|
| <i>Тұйық етістік+ үшін</i> <i>Оқу үшін, алу үшін</i> |
| <i>Келер шақ+жіктік жалғау</i> <i>Біз театрға бар+мақ+пыз</i> <i>Біз бар+ар+мыз</i> |
| <i>Көсемше</i> <i>Жаз+ып отыр+мын</i> |
| <i>Есімше</i> <i>Сөйле+ген, оқы+ған</i> |

Сұхбат:

- Сәлеметсіз бе, кіруге болады ма?
- Сәлеметсіз бе, кіріңіз, отырыңыз. Мен сізді тыңдап тұрмын.
- Мен хабарландыру бойынша келдім.
- Мамандығыңыз кім?
- Мен- қаржыгермін.
- Қандай жоғары оқу орнын бітірдіңіз?
- Мен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірдім.

- Сіз түйіндемеңізді тастап кетіңіз, біз сізбен хабарласамыз.
- Жақсы,сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

Тапсырмалар:



1. Рөлдік ойын.

Сіз бір мамандықты таңдаңыз.

Сіздің міндетіңіз: Өзіңізді таныстыру.

Көршіңіздің міндеті: Сізді таныстыру.

Мысалы: Менің атым Әсел. Ұлтым қазақ. Мен қаржыгермін. Мен әкімшілікте жұмыс істеймін. Мен Қарағанды қаласында тұрамын. Жасым жиырма бесте.

Оның аты Әсел. Ол – қазақ. Оның мамандығы қаржыгер. Ол әкімшілікте жұмыс істейді. Оның жасы жиырма бесте.



2. Мақал-мәтелдерді пайдаланып, сұхбат

құрастырыңыз.

- а) Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
- ә) Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.
- б) Талап – тұлпар.



3. Жағдаяттық тапсырма.


Айталық, сіз экономика факультетінің деканысыз. Сіз 1 курс студенттерімен кездесіп, жаңа оқу жылымен құттықтаңыз, факультет туралы айтыңыз.

4. Төмендегі мақал-мәтелдерді оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз, сұхбат құрастырыңыз.

- а) Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
- ә) Көп сөйлеген білімді емес, дөп сөйлеген білімді.
- б) Білімді мыңды жығар.



5. Осы үлгі бойынша «жұмыс, мамандық» сөздерімен сөз тіркестерін жасаңыз, сөйлем құрастырыңыз.



6. Мәтінді тыңдаңыз.


Менің мамандығым

Мен өз мамандығымды дұрыс таңдадым деп ойлаймын. Өйткені менің мамандығым өте қызық, шығармашылықты талап ететін мамандықтарды бірі болып табылады. Ал мен ізденгенді, шығармашылықпен жұмыс істегенді жақсы көремін. Мен үнемі біліктілігімді арттырып отырамын.

7. Мәтін бойынша өз мамандығыңыз туралы әңгімелеңіз.

8. Өз мамандығыңыздың 10 қиыншылығын жазыңыз.

ҮІІ модуль. Отан оттан да ыстық.



Грамматика: Септік жалғау, түйық етістік, етіс категориясы.

Назар аударыңыз!

| |
|---|
| Шығыс септік(қайдан?) Қала+дан, үй+ден |
| Түйық етістік +жіктік жалғау Нығайту+ымыз керек |
| Етіс Сал+ын+ды Кел+гіз+ді |

Сұхбаттар:

1.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Сізбен танысуға болады ма?
- Әрине, болады.
- Менің аты-жөнім Иванова Ирина.

- Ал, менің аты-жөнім Әсел Манатқызы. Сіз қайдан келдіңіз?
- Мен Абай қаласынан келдім. Өзіңіз қайдансыз?
- Мен Самар ауылынанмын.
- Танысқанымға қуаныштымын.
- Мен де қуаныштымын.

2.

- Сәлеметсіз бе? Кешіріңіз. Біз таныс емеспіз бе?
- Сәлеметсіз бе? Мен сізді танымай тұрмын.
- Сіз Теміртау қаласынансыз ба?
- Иә, мен Теміртау қаласынанмын Ал, сіз Саран қаласынансыз ба?
- Жоқ, мен Саран қаласынан емеспін, Шахтинск қаласынанмын.
- Сіз Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірдіңіз бе?
- Иә, мен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірдім.
- Мен де сол факультетте оқыдым. Мен 2002 жылы бітірдім.

3.

- Сіз қайдансыз?
- Мен Абай қаласынанмын.
- Сіздің туған жеріңіз қайда?
- Менің туған жерім Абай қаласы.
- Сіздің туған еліңіз қайда?
- Менің туған елім Қазақстан Республикасы.

Тапсырмалар:



1. Әңгімені жалғастырыңыз:

а)


- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Кешіріңіз, сіз тұрмыстасыз ба?
-

- Сіз қай елден келдіңіз?
-
- Сіздің туған жеріңіз қайда?
-
- Сіз отбасыңызбен келдіңіз бе?
-
-

ә)

- Айбар, Қазақстан туралы айтып беріңізші.
- Жақсы, айтып берейін. Қазақстанның жері кең-байтақ.
-
-
-
-
-

2. Диаграмманы толтырыңыз. Сызба бойынша әңгіме құрастырыңыз.



3. Жағдаяттық тапсырмалар.

- а) Сізбен әңгімелескен адам сіздің танысыңыздың қайдан екенін қате айтты. Түзетіңіз. Өзіңіздің жерлесіңіз екенін айтыңыз.
- ә) Сіздің досыңыз Ресейде тұрады. Сізді досыңыз қонаққа шақырды. Сіз досыңызға телефон соғып қашан, немен келетініңізді айтыңыз.

б)Сіз басқа елге, басқа қалаға барасыз.Сіз немен барасыз?
Берілген сөздердің біреуін таңдаңыз: *Машина, поезд, ұшақ, жаяу, велосипед, арба.*

Мысалы: Мен туған жерім Астана қаласына барамын. Мен өзімнің жеке көлігіммен барамын. Маған машина ұнайды. Өйткені, тез және ыңғайлы.



4. Сөйлемді аяқтаңыз.

Менің туған жерім
Менің туған елім
Менің досымның туған елі
Менің досымның туған жері
Сенің туған жерің
Сенің туған елің
Сіздің туған жеріңіз
Сіздің туған еліңіз... ..

5. Мәтінді толықтырыңыз.

Сізге досыңыздан жеделхат келді. Сіз жеделхат мәтінін қалпына келтіруіңіз керек.

Жеделхат.

Құрметті, Анар!

Мен ... №45 поезбен күні шығамын. Қарағандыға ... күні ... келемін. Сен ... күтіп ал.

Құрбың Аня.



6. Мәтінді тыңдаңыз.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан

Қазақстан – егеменді, тәуелсіз ел. Бүгінгі Қазақстан өркендеп келе жатқан мемлекет. Сондықтан біз үшін ең бастысы әлі де:

- отбасын қамсыздандыру;
- тұрғын үймен қамтамасыз ету;
- денсаулықты нығайту;

- зейнетақыға жинақтаулар қалыптастыру жөнінде барлық қажетті жағдайлар туғызу болып табылады.

Өзіміздің алдыңғы тәжірибемізден және әлемнің басқа елдерінің тәжірибесінен біз екі маңызды қорытынды шығара аламыз.

Біріншісі. Мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қолдау нысаналы әрі атаулы сипат алған жағдайда ғана нәтижелі болады. Мемлекет қоғамның осындай көмекке зәру мүшелерін қолдауға міндетті. Олар, ең алдымен: балалар, көп балалы аналар, ардагерлер, мүгедектер...

Екіншісі. Қандай да бір себептермен жұмысынан айырылып қалған адамдардың еңбекке оралуына нақты мүмкіндіктер туғызуымыз, олардың жаңа мамандық алуына жағдай жасауымыз керек (*ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2007 жыл*).

7.Бейнетаспадан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан үзіндіні қазақ тілінде тыңдаңыз.

8.Елбасы Жолдауындағы экономика саласы бойынша айтылған мәселелері туралы әңгімелесіңіз. Жолдау бойынша өз ойыңызды жазыңыз.



9.Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

10.Берілген сөздермен жұмыс жасаңыз.Тыңдаңыз, жазылуына көңіл бөліңіз.

Сөз тіркестерін құрастырыңыз: тапшылық, қарамай, аз уақыттың ішінде, жарқын, болашақ, шешім, жағасы, танымастай.

11. Мәтінді оқыңыз.

Астана

1997 жылы 20 қазанда саяси, экономикалық жағдайларға байланысты республиканың бас қаласы Астанаға көшірілді. Жас Қазақстан экономикалық тапшылыққа қарамай, қиын шешім қабылдады. Бұл шешім басқа елдерді де таң қалдырған еді. Аз уақыттың ішінде бұрынғы провинциалдық қала танымастай

өзгерді. Әсем Есілдің жағасын бойлай Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа ғимараты, Жастар сарайы, әр түрлі министрліктердің үйлері мен көп қабатты тұрғын үйлер салынды.

Парламент үйінің алдында қазақтың атақты үш биі – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би – ескерткіштері орналасқан. Барыс – жас Қазақстанның ХХІ ғасырдағы жарқын да, бақытты болашағының символы.

Астана – мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы (www.tarih.spring.kz/kk/capital/astana/).

12. Астана туралы бейнефильм көріңіз.

13. Фильм бойынша сұрақтар құрастырып, оған жауап беріңіз.

14. Астана туралы шағын әңгіме жазыңыз.

15. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанда қанша облыс орталығы бар?
2. Облыс орталықтары қандай қалаларда орналасқан?
3. Қазақстанда қандай өнеркәсіп орындары бар?
4. Қай қалада теңіз порты бар?

16. «Кім тапқыр?» ойыны. Еліміздегі 20 елеулі өзгеріс туралы айтыңыз.



17. «Мен және Қазақстан 20 жылдан кейін» тақырыбына шығарма жазыңыз.



18. Үшеуара тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді пайдаланып, үш адамға сұхбат құрастырыңыз.

Есілдің сол жағалауына шақырды. Астана-Бәйтерек монументінің биіктігі – 97 м. Ол-Астананың ерекшелігі. Астана қаласына саяхатқа бардық. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Бұл өңір – талай тарихи оқиғаларды бастан өткізген қасиетті өлке. Астана- болашағы үлкен қала.

19.Топтық тапсырма. Бүгін біз «Қарлығаш»турфирмасымен Астана қаласына саяхатқа барамыз.Топтың ішінен үш гид таңдаймыз. Оларға үш карточка беріледі.

I.Өзінді таныстыр.Есілдің сол жағалауына шақыр. «Астана-Бәйтерек» монументі туралы айтыңыз.

II.Президенттің жаңа ақ сарайы туралы айтыңыз.

III.Қаланың орталығында, Есіл өзені бойындағы сәулетті үйлер, ғимараттар туралы айтыңыз.

20. Картадан Қазақстанның ірі-ірі қалаларын атаңдар. Астанаға жақын, алыстығын айтып беріңіз. Қазақстанның әр түрлі қалаларына саяхат жасап, бағыттарыңызды айтыңыз.

Сөйлеу үлгісі: Алдымен баруға болады, жолшыбай қалалар бар, керемет екен, араладым, таң қалдым, саяхатымның соңында араладым, бұрын көрмеппін, көргім келеді.

21.Төмендегі диаграмманы толтырыңыз, сол бойынша әңгімелеңіз.

| | | |
|---------------------------|---------------|--|
| Жол торабы | | |
| | АСТАНА | |
| Ресми кездесулер орталығы | | |

22. Мына сөздердің қайсысы «Астана» сөзімен тіркесе алады. Олармен сөйлем құрастырыңыз.

Өйгілі, ыстық, суық, үлкен, болашақ, бүгінгі, әсем, қатал, зәулім,
тарихи.

Репозиторий Қарғу

ҮІІ модуль. Салтын білмеген сауапты түсінбейді.



Грамматика: Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы.

Назар аударыңыз!

| |
|---|
| <i>Шығыс септік(қайдан?) Қала+дан, үй+ден</i> |
| <i>Тұйық етістік +жіктік жалғау Нығайту+ымыз керек</i> |
| <i>Етіс Сал+ын+ды Кел+гіз+ді</i> |

Сұхбаттар:

1.

- Қазақтың қандай салт-дәстүрлерін білесіз?
- Мен көп салт- дәстүрлерді білмеймін.
- Қазқтардың үйлену тойында болдыңыз ба?
- Әрине, болдым. Маған беташар, келіннің үлкендерге иіліп сәлем бергені қатты ұнады.
- Үйлену тойында басқа қандай салт-дәстүрлерді көрдіңіз?

- Мен құдаларға арқан керу дәстүрін көрдім. Бұл басқа ұлтардың дәстүріне ұқсайды екен.

2.

- Мен қазақ халқының балаға байланысты салт-дәстүрлері туралы реферат дайындаймын. Маған салт-дәстүрлер туралы айтып беріңізші.
- Қазақ халқында балаға байланысты салт-дәстүрлер өте көп.
- Бала дүниеге келгенде жасалатын той қалай аталады?
- Ол-шілдехана тойы . Шілдехана - өмірге келген балаға қуанудың белгісі.Бұл тойда «Балаңыздың бауы берік болсын!» деген тілектер айтылады.

Тапсырмалар:



1. Сұхбаттарды рөлге бөліп оқыңыз. Үлгі бойынша сұхбат құрастырыңыз.

2. Төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіз, сұхбат құрастырыңыз.

- а) Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық- ақ жаулық.
- ә) Көріп алған көріктіден көрмей алған текті артық.
- б) Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.
- в) Тегіне қарап қызын ал.
- г) Құда болдым дедің бе, құйрық-бауыр жедің бе?

3. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

Ата-ана баласының үйлену тойына неге ерекше мән береді?

Құдаларға құйрық-бауыр берудің мәні неде?

Үйленуге байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіз?



4. Ән үйренейік. Өлеңді жаттап алыңыз.

Той жыры

Сөзі: Х. Сыдықов

Әні: Д. Сүлеев

Махаббаттың күдірет күші әлдилеп,
Екі жастың табыстырған жүрегін.
Жастық жалын, асыл арман, ақ ниет,
Бакыт сыйлап ұсыныпты гүлдерін.

Қайырмасы:


Той үстінде тәтті күндер, тәтті күндер,
Жас жұбайлар шат күліңдер, шат күліңдер!
Ән салайық, би билейік, би билейік,
Шарықтасын шаттық үндер, шаттық үндер!



5. Жағдаяттық тапсырма.

Сіз досыңыздың үйлену тойына келдіңіз. Сізге жас жұбайларға тілек айту керек.

6. Төмендегі кластерді толтырыңыз.



7. Үйлеу тойының шығынын есептеп шығарыңыз.

Отбасыңызға түскен кіріс пен шығын сәйкес келеді ме?



8. Сұхбатты жалғастырыңыз.

- Сәлеметсіздер ме, тойларыңыз тойға ұлассын!
- Айтқаныңыз келсін. Жоғары шығыңыздар.
- Ұлдарыңыз үлкен азамат болсын!



9. Мәтінді толықтырыңыз.

Құрметті ----- !
Сізді ----- !
Сізге ----- !
-----!

10. Топтық жұмыс. Екі топқа бөлініздер. Қазіргі үйлену тойы мен бұрынғы үйлену тойының айырмашылығы, ұқсастығы туралы айтыңыздар.

11. Тыйым сөздерді оқыңыз, есіңізде сақтаңыз. Сұхбат құрастырыңыз.

- I. Жер таянып отыруға болмайды.
- II. Тізені, табанды тартуға болмайды.
- III. Белді босқа буынуға болмайды.
- IV. Тізені құшақтауға болмайды.
- V. Үйге жүгіріп келуге болмайды.
- VI. Күн батарда ұйықтауға болмайды.

12. Төмендегі сөздерге мәндес сөздер жазып, олармен сөйлем құрастырыңыз.

Алғыс-----
Әдет-----
Дәстүр-----
Күнә-----
Сауап-----

13. Мына сөздердің дұрыс түсініктемелерін белгілеңіз.

| | |
|-----------|----------------------------------|
| Тойбастар | Үйдің үлкендері болмағанда жасау |
| Бастаңғы | Көшіп келген көршіледі шақыру |
| Тілашар | Тойды өлеңмен бастау |
| Ерулік | Мектепке барғанда жасау |

14. "Қазақтың салт-дәстүрлері" тақырыбында бейнефильмін көріңіз. Фильм бойынша сұхбат құрастырыңыз және шығарма жазыңыз.

15. Қазақтың салт-дәстүрлері туралы жоба дайындап, оны қорғаңыз.

Репозиторий Қарғу

*IX модуль. Мәдениет-халықтың ең үлкен рухани азығы
(І.Омаров)*



Грамматика: *Болымсыз етістік, етіс категориясы, рай категориясы.*

Назар аударыңыз!

| |
|-----------------------------------|
| <i>Етістік+ма/ме(ба/бе,па/пе)</i> |
| <i>Айт+на, бар+ма</i> |
| <i>Айт+қалы келді</i> |
| <i>Айту+шы еді</i> |
| <i>Айт+қан+дықтан</i> |

Есіңізде сақтаңыз!

Құптау сөздері:

Қолдаймын, мақұлдаймын, сізбен келісемін, сіздің пікіріңіз дұрыс, өте дұрыс, жақсы.

Сұхбаттар:

1.

- Сәлем, Әсел! Ертең қолың бос па?
- Сәлем, Әсем! Ертең қолым бос.

- Мен С.Сейфуллин атындағы драма театрға екі билет сатып алдым.
 - Рақмет.Қандай қойылым болады?
 - «Бір түп алма ағашы» қойылымы болады.
 - Қай жерде кездесеміз?
 - Театрдың алдында кездесейік.
- 2.
- Бүгін киноға барайық?
 - Қандай кинотеатрға барамыз?
 - Сарыжайлау кинотеатрына барайық.
 - Бүгін «Шал» фильмі көрсетіледі.
- 3.
- Сәлем, Айбар! Ертең Жігіттер тобының концерті болады. Барасың ба?
 - Концерт қай жерде болады?
 - Концерт циркте болады.
 - Билеттің бағасы қанша екен?
 - Алдыңғы қатар- 3000 теңге, ортаңғы қатар-2500 теңге, соңғы қатар- 1000 теңге тұрады.
 - Біз ортаңғы қатарға 2 билет алайық.
 - Жақсы, келістік.
- 4.
- Бейнелеу өнері мұражайында суретшілер көрмесі болып жатыр.
 - Көрме қай уақытқа дейін болады?
 - Көрме қазан айының 25-не дейін болады.
 - Билет қанша тұрады?
 - Билет 500 теңге тұрады.

Тапсырмалар:

1.Жоғарыдағы үлгі бойынша әңгімелесіңіздер.



2.Сұхбатты жалғастырыңыз.

- Сіздің қалаңызда қандай мәдени орындар бар?

.....
.....
.....
.....



3. Жағдаяттық тапсырмалар.

а) Шалқыма концерт залында Құрманғазы халық аспаптар оркестрінің концерті болады. Сізге хабарландыру жазу керек.

ә) Бүгінгі "Бетпе-бет" бағдарламасының қонағы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі. "Бетпе-бет" бағдарламасының бүгінгі тақырыбы – мәдениет, өнер, мәдени мұра.

4. Отбасыңызға және өзіңізге демалыс күнге мәдени бағдарлама жасаңыз.

Қашан, кіммен, қайда барасыз? Міндетті түрде әрқайсысының талғамын ескеріңіз.

Мысалы: Мен театрды жақсы көремін, сондықтан драма театрға бармын.

5. «Қаланың көрнекті жерлері» ойыны.

Сіз гидсіз, келген туристерге қаланы таныстырыңыз.

Мақсаты: Қаланың көрнекті жерлерімен таныстыру



6. Сұхбатты жалғастырыңыз,

- Сіздің қалаңызда қандай мәдени ошақтар бар?

.....
.....
.....
.....
.....



7. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Мәдени-сауықтыру кешені, мәдент мұра, мекеме, тарихи-өлкетану мұражайы, ғылыми-көпшілік кітапхана.

8. Теледидар бағдарламасына шолу.

Бір арнаның бір күндік бағдарламасын құрастырыңыз.

9. Соңғы мәдени жаналықтар.

Не болды?

Қайда болды?

Қашан болды?

11. «Қарағанды – менің бірінші махаббатым» ән кешінің бағдарламасын құрастырыңыз.



12. Ән жаттайық!

Ақ бантик

Сөзі: М.Шахановтікі


Әні: Ш.Қалдаяқовтікі

Балауса қыз едің бір кезде,
Шашына ақ бантик байлаған,
Өзгеріп кетіпсің бұл күнде,
Көркіне көз тастап ойланам.

Қайырмасы:

Нұрлы бейнең қандай жарқын
Арманымсың қандай жанның.
Шынарым-ай,
Сен мөлдірсің, еркем, Тау бұлағындай.
Жол жатыр шақырып алдында,
Өмір тұр ұсынып шаттығын.
Білмеймін ержетіп қалдың ба,
Шашыңда ақ бантик жоқ бүгін.

13. Диаграмманы толтырыңыз. Сызба бойынша әңгіме құрастырыңыз.



Репозиторий Қарғу

Х модуль. Ақша кетуге тырысады, есеп ұстауға тырысады.



Грамматика: Септік жалғау, етіс категориясы, құрмалас сөйлем

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| <i>Көмектес септік Экономика+мен</i> |
| <i>Келісім шарт жасау Үй жасау Орындық жасау</i> |
| <i>Бару+ға болады ма? Түсіну+ге болады ма?</i> |
| <i>Құрмалас сөйлем Егер елдің қалай тұратынын білгің келсе, алдымен әр отбасының қалай тұратынын біл.</i> |

Сұхбаттар:

1.

- Экономика сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- Менің ойымша, үнемдеу дегенді білдіреді. Ал, бұл сөз қай тілден енген?
- Бұл сөз ежелгі грек тілінен енген. Сенің айтқаның дұрыс. Экономика бұл - үнемдеу.
- Сонда адамның барлық өмірі экономикамен байланысты ғой.
- Иә, дұрыс.

2.

- Біздің еліміздің экономикасы қандай?
- Біздің еліміз нарықтық экономиканы таңдады.
- Ал, нарықтық экономика дегеніміз не?
- Нарықтық экономика азаматтар мен қоғамның қалай өмір сүруге және экономикалық жағынан қалай гүлденуге тиіс екенін айқындап береді.

Тапсырмалар:



1. Сұхбаттарды оқыңыз, өз репликаңызды қосыңыз.

2. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Үнемдеу, жеке тұлға, заңды тұлға, басқару, тұрмыс, нарық, кәсіп, әлемдік.



3. Мәтінді тыңдаңыз. Түсініксіз сөздерді теріп жазыңыз, сөздікпен жұмыс жасаңыз.

Экономика

Экономика – бұл ежелгі грек сөзі және аударғанда «үй шаруашылығын жүргізе білу қабілеті» дегенді білдіреді .

2 мың жылдан астам уақыт бұрын ежелгі гректер шаруашылықты негізінен үй тәсілімен жүргізген. Әр үй, ауланы өмірге қажеттің бәрімен қамтамасыз етуге тырысқан. Ондай шаруашылықты тарихшылар натуралды деп атайды.


Сол алыс жылдары да базар болған, адамдар тауар сатып, алып, сатқан, ол жерде айырбас жүргізілген. Бірақ ең алдымен көптеген бірінші қажеттілік заттары өз үй шаруашылығында жасалған. Үй шаруашылығының көп жыл бойы жұмыс атқаруы кезінде адамдар шаруашылық ережелерін жасап алған.

Міне, осы ережелер алдымен үнемдеу, ал кейіннен экономика деп аталған.

Одан бері көп нәрсе өзгерді. Үй шаруашылығы қалды, бірақ тіршілік етудің негізгі құрамдары үйде емес, кәсіпорындарда құралып, жасалатын болды. Қазір экономика деген сөз кең мағынадағы шаруашылықты білдіреді. Үй шаруашылығы, фирма шаруашылығы, тіпті бүкіл мемлекет шаруашылығы - бұның бәрі экономика. Экономикаға өндіріс, көлік, сауда, халыққа қызмет көрсету кіреді.

4. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

5. «Экономика» ұғымы қай сөзбен тіркесе алады?



6. Төмендегі сөздерге антоним жазыңыз.

Сұраныс-----

Гүлдену-----

Қолайлы-----

Құбылмалы-----

Дамыған-----

Табыс-----

Арттыру-----

Арзан-----

Ерекшелік-----

7. «Экономика» ұғымы қай сөзбен етістікті тіркес жасай алады?

Зерттеу, дамыту, сынау, санау, талдау, арттыру, жақсарту, іздеу, төмендету, гүлдендіру.



8. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Егер мен қаржы министрі болсам,-----.

Экономика жақсарту үшін,-----.

Халықтың әл-аухатын көтеру үшін,-----.

Жақсы өмір сүргің келсе,-----.

Дағдарыс болмас үшін,-----.

Инфляцияны болдырмау үшін,-----.



9. Жаздаяттық тапсырмалар.

а) Сіз Қазақстан-Қарағанды арнасының тілшісісіз. Сізге Қазақстан Республикасының Қаржы министрінен сыртқы экономикалық байланыстар туралы сұхбат алу керек.

ә) Сізге жұмыссыздықты жоюдың концепциясын ұсыну керек.

10. Екі қатардағы сөздерді мағынасына қарай орналастырыңыз.

I қатар

Тауар

Қоршаған орта

Іскерлікті

Озық технологияны

Шығынды

Экономикалық

II қатар

шешу

зерттеу

арттыру

үрдіс

қағаздар нарығы

кұру

| | |
|------------------------|-----------|
| Нарықтық экономикаға | азайту |
| Экономиканы | бастау |
| Бағалы | пайдалану |
| Жұмыссыздық | ластау |
| Еңбек ұйымын | өндіру |
| Сұранысты | жою |
| Көкейкесті мәселелерді | көшу |
| Бір орталыққа | бағынбау |

11. Төмендегі сөздерден үлгі бойынша бірнеше сөз құрастырыңыз.

Үнемдеу, нарықтық экономика, шаруашылық, халықаралық қатынастар

Мысалы:

өндіруші — өн, ру, өндіру, іш, ірі, ішу, іру, өшу, өру



12. Топтық жұмыс.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Нарық дегеніміз не?
- Нарықтың ролі қандай?
- Нарық қашан пайда болған?
- Ұлттық нарық дегеніміз не?
- Дүниежүзілік нарық пен ұлттық нарықтың ерекшелігін қандай?
- Қазақстандағы нарықтық қатынас туралы сіздің пікіріңіз қандай?
- Нарықтық экономикаға көшу кезінде елімізде қандай қиындықтар болды?
- Нарыққа көшу дұрыс орындалды ма?
- Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан – осы төрт республиканың нарықтық экономикасында қандай айырмашылықтар бар?
- Ресейдегі нарықтық экономика туралы не білесіз?

14. Жұптық жұмыс.


Сіздер экономика тақырыбында өтетін пікірсайысқа қатысасыздар. Төмендегі жоспар бойынша сөйлеңіздер:

I. Экономиканы білу пайдалы;

II. Экономика - бұл үй шаруашылығын басқару;

III. Экономика - байлыққа, тыныштыққа барар жол.

15. Диаграмманы толтырыңыз. Сызба бойынша әңгіме құрастырыңыз.



16. Мына буындардан «Нарықтық экономика» тақырыбына байланысты 10 сөз жасалынады. Ойланып көріңіз.

| | | | | | | | | |
|----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|
| ке | па | өн | ші | бә | ең | мә | сұ | іс- |
| на | бай | қо | ке | се | дір | лық | ле | бек |
| ра | се | лік | ныс | рық | ғам | са | дей | |

XI модуль. Адамға әсемдік сезімін дарытпайынша, одан нағыз азамат шығара алмайсыз (Р.Тагор)



Грамматика: Құрмалас сөйлем, үстеу, болжалды келер шақ.

Назар аударыңыз!

Үстеу(қашан? қайда?)

Бүгін, биыл, былтыр

Болжалды келер шақ(-ар/ер/р)

Бар+ар, кел+ер, сөйле+р

Құрмалас сөйлем

Ең бірінші туристік саяхат Англияда пайда болған, сондықтан ең көп туристік саяхат Англияда болған

Сұхбаттар:

1.

- Туризм туралы не білесің?*
- Туризм тамыры өте тереңде жатыр.*
- Сонда туризм қай ғасырда пайда болған?*

- Туризм 18 ғасырда пайда болған. Бірақ ертеде діни саяхаттар болған.
- Туризм деген сөзді кім ойлап тапқан?
- «Тур» деген сөзді алғаш рет Томас Кук ойлап тапқан.

2.

- Қазақстанда қандай әдемі жерлер бар?
- Біздің елімізде әдемі жерлер өте көп.
- Мен тек қана Алматы қаласының керемет табиғатын тамашаладым.

3.

- Сіз жазғы демалыста қай жерде демаласыз?
- Маған Қазақстанның табиғаты ұнайды, сондықтан өз елімде демалғанды ұнатамын.
- Сіз Қазақстанның қандай жерлерінде болдыңыз?
- Мен көп жерлерде болдым. Мен тауда демалуды ұнатамын. Әсіресе, маған Көкшетау, Қарқаралы таулары ұнайды.

Тапсырмалар:



1. Үлгі бойынша сұхбат құрастырыңыз. Өз репликаңызды қосыңыз.

2. Жағдаяттық тапсырма. Сіз «Шаңырақ» атты туристік саяхат фирмасын аштыңыз. Фирманың ашылу салтанатына келген қонақтарды болашақ жоспарларыңызбен таныстырыңыз.



3. Жұптық тапсырма. Сіздерге туристік саяхат фирмасы туралы жарнама беру керек.



4. Мәтінді тыңдаңыз.

Туризмнің даму тарихы

Туризм – қоғамдық, шаруашылық және кеңістік қатынас. Туризм тарихының тамыры өте тереңде жатыр. Біз туризмнің даму кезеңін үшке бөлеміз:

1. ХҮІІІ ғ. соңына дейінгі туризм:

А) ерте заманғы туризм;

Б) жаңадан пайда болған туризм және орта ғасырлар уақытындағы туризм;

В) ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. Туризм.

2. ХІХ-ХХ ғғ. туризм – екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі;

3. Қазіргі, осы заманғы туризм

Туризм – туристік саяхаттар, сауда-саттық сапарлар өзінің мәнін жоғалтқанда басталды. Осындай алғашқы діни саяхаттар б.э.д. төртінші мыңжылдықта Ежелгі Египетте басталды. Б.э.д. 1501-1484 жылдары Египет ханшасы Хатшеспуттың ұйымдастыруымен Пунт деген жерге теңіз аралына саяхат жасалды. Ал б.э.д. ҮІ ғасырда египеттік Фараон Нехао Африка төңірегінде атакты үшжылдық саяхат құрған. Осы кезеңде көптеген саяхаттар болды.

Туризмнің алғашқы қадамдары ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда басталды. Ең бірінші туристік саяхат Англияда пайда болған. Ең көп туристік саяхат Англияда болған. Онда 1841 жылы Томас Кук 600 адамнан құрылған топты Лейстерден Лафбороға дейін апарып, темір жолмен саяхат жасаған.

1882 жылы ең алғашқы әлемдік «Куктың жер шарын айналған» саяхаты болды. Ол темір жол және пароход компанияларымен, қонақ үй және мейрамханалармен келісім құжат жасады. Томас Кук ең алғашқы болып туристік «тур» деген сөзді ашты. Ол бірінші болып туристік маркетинг пен менеджментке жол ашты. Сол үшін Кук бірінші туризм менеджері болып саналады.

Халықаралық курорттардың дамуы Германия, Швейцария, Франция, Италия, Чехия – мемлекеттерін халықаралық дәрежеге жеткізді. ХҮІІІ ғасырдың аяғында басқа елдерге барып саяхат жасап жүрген адамдарды туристер деп атай бастады (www.testent.ru/publ/studenty/kaz).

5. Мәтінді оқыңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.

6. Мәтін бойынша жоспар құрастырыңыз.

7. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

8. Қазақстандағы туризм туралы айтыңыз.

9. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Қоғамдық, кезең, ғасыр, сауда-саттық, саяхат, сапар, әлемдік, жер шары, келісім



10. Мына сөздерге антоним жазыңыз.

Отандық-----

Табыс-----

Ғасыр-----

Бастау-----

Алғашқы-----

Даму-----

Ұйымдастыру-----

7. Мәтінді оқыңыз, сұхбат құрастырыңыз.

Қазақстандағы туризмнің дамуы

Қазақстан 1993 жылы әлемдік туристік ұйымдардың нақты мүшесі болды. Қазақстан Республикасында туризмді дамыту үшін нормативтік құқықтық база құрылған. 1992 жылдан «Туризм туралы» заң қолданысқа енгізілді. Осы салада елімізде 430 ұйым, фирма, әр түрлі меншіктегі бюро бар. Онда 6 мың адам қызмет көрсетеді және 1500 кәсіби гид-экскурсоводтар бар.

Қазақстанның туристік фирмалары әлемнің 80 елімен бірлесіп қызметеді және туризмнің барлық түрлері бойынша қызмет көрсетеді, олар танымдық, ойын-сауықтық, этникалық, экологиялық, балаларға арналған, спорттық, аңшылық, саяттық.

Қазақстанның әр аумағында 700-ден астам бағыттағы саяхат ұсынылады және табиғи-географиялық жағынан ерекше.

8. Ойыңызды ортаға салыңыз.

Қазақстанда туризм қалай дамыған?

Қазақстандағы қандай аймақтарда туризм жақсы дамыған?

Қазақстанда қандай туристік компаниялар бар?

Қазақстандағы туристік компаниялар қандай деңгейде қызмет көрсетеді?

Қазақстанда туризмді жақсы дамыту үшін не істеу керек?

9. Бір күндік туристік саяхаттың жоспарын жасаңыз.

10. Карта бойынша саяхат. *Саяхатта болған әр қаланың ерекшеліктері туралы айтыңыз. Бір қаладан екінші қалаға дейінгі маршрутты жазыңыз.*

Мысалы: Астанадан Қарағандыға дейін, одан кейін Балқашқа т.б қалай жетуге болады? Немен жетуге болады?

11. Мәтінді оқыңыз, өз пікіріңізді қосыңыз.

Қазақстандағы Туризм - табыс көзі бола ала ма?

«Интурист» қоғамы халықтардың бір-бірімен етене араласуына және мемлекетаралық байланыстардың нығаюына елеулі үлес қосқан. Сол кезде-ақ шетелдерде туризм табыс табудың көзі, шаш-етектен пайда түсірудің ең тиімді жолдарының бірі, яғни ел экономикасының бір ықпалды бөлшегі болып табылатындығы белгілі болды. Қазір бірқатар мемлекеттерде туризмнен түсетін табыс ел экономикасының 20 пайызын құрайды. Ал бізде ол көрсеткіш бір пайызға да жетпейтін көрінеді. Алайда біздің республикамызда бір-бірімен бәсекелес туристік фирмалар қатары жылдан-жылға көбейіп келе жатыр. Солардың ішінде 40 жылдан астам тарихы бар, өз ісіне қалыптасып қалған еліміздің қазынасына қажетті үлесін құйып жүрген «Яссауи» компаниясы, т.б.

12. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.



13. Жұптық тапсырма.

Қазақстандағы туризм ошағы болатын көрікті жерді атаңыз. Ол жерде туризмді қалай дамытасыз? Бизнес-жоспарыңызды ұсыныңыз.

14. Топтық тапсырма.

Қарағанды қаласындағы өздеріңіз білетін туристік фирмаларды атаңыз, олар туралы хабарлама жасаңыз.



15. Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Егер туристік компанияда жұмыс істесем,
.....
2. Қазақстандағы туристік фирмаларды ерекше дамыту үшін,
3. Қарағанды маңында шаңғы спорт кешені салынса,
.....
4. Бурабай, Көлсай, Шарын, Үстірт, Алакөл, Қаба, Марқакөл, Қарқаралы туризм аймағына айналса,
.....

16. Рөлдік ойын. Алматы қаласына саяхат. Топ- Алматыға бір күнге келген туристер. Гид саяхаттың жоспарымен таныстырады.


Ол: қала бойынша саяхат, мейрамханадағы түскі ас, өнер мұражайына бару.

Төменде берілген сөйлеу үлгілерін қолданыңыз: өте керемет, тамаша, әдемі, ал біздің қалада, бұл жерде

17. «Құпия арал» ойыны. Қандай белгілі адаммен құпия аралда болғыңыз келеді? Өзіңізбен бірге қандай үш затты алар едіңіз? Неге алар едіңіз? Аралда сізге не жетпес еді?



18. **Диаграмманы толтырыңыз. Сызба бойынша әңгіме құрастырыңыз.**



19. **«Картамен саяхат» ойыны.** Сіз бір қаладан екінші қалаға дейінгі маршрут жоспарын құрастырыңыз. Әр қаланың ерекшелігін айтып кетіңіз. Қандай ерекшелігі бар? Немен жетуге болады? Не үшін көліктің бұл түрін таңдадыңыз?

Мысалы: Мен Алматыдан Лондонға ұшақпен барамын. Себебі, тез әрі ыңғайлы.

20. **Жағдаяттық тапсырма.** Айталық, сіз бір аралда демалып жатырсыз. Анаңыздың электронды поштасына хат жазып жіберіңіз.

21. Сіз шетелде жолдамамен демалып жатырсыз. Күнделігіңізге қызықты оқиғаларды жазыңыз. Өзіңіздің қорытындыңызды беруге тырысыңыз.

XII модуль. Жері байдың, елі бай.



Грамматика: *Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы.*

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| Шығыс септік(қайдан?) <i>Қала+дан, үй+ден</i> |
| Тұйық етістік +жіктік жалғау <i>Нығайту+ымыз керек</i> |
| Етіс <i>Сал+ын+ды</i> <i>Кел+гіз+ді</i> |

Сұхбаттар:

1.

- Қандай мемлекетті бай деп айтуға болады?
- Менің ойымша, мәдени мұрасы бар елді бай деп айтуға болады.
- Сонда мемлекет байлығы мәдени мұра ғана ма?
- Әрине, тек қана мәдени мұраны жатқызуға болмайды.
- Менің пікірімше, ең басты байлық- бұл халық

2.

- Ұлттық байлық дегеніміз не?

- Ұлттық байлық дегеніміз - бұл жер байлықтары, табиғат, ата-бабаларымыздан қалған мұралар.
- Әрине, дұрыс айтасын. Халық өмірінің деңгейі жоғары болған сайын, мемлекет те соншалықты бай болады.

Тапсырмалар:



1. Сұхбаттарды рөлге бөліп оқыңыз, өз репликаңызды қосыңыз.



2. Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Байлық, көрсеткіш, өндіріс, күш-қуат, тұтынушы, игілік, мұра, ата-баба, құн, кепіл



3. Мәтінді тыңдаңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.

Ұлттық байлық дегеніміз не?

Ұлттық байлық дегеніміз – елдің экономикалық күш – қуатының ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Ұлттық байлықты алғаш рет 1664 жылы ағылшын экономисі У. Петти есептеп шығарды. Ұлттық байлықты тұңғыш бағалау Францияда 1789 жылдан, АҚШ-та 1805 жылдан, Ресейде 1864 жылдан жүргізіле бастады.

Экономикалық әдебиеттерде ұлттық байлық деп - еңбекпен жасалынатын, өндіріспен тұтыну үшін пайдалынатын материалдық игіліктердің қорын айтады. Кейбір экономистер ұлттық байлыққа табиғи ресурстарды да қосады.

Ұлттық байлық негізінен мына салалардан тұрады:

- Ата-бабаларымыздың қалдырған мұрасы;
- Табиғатымыз және жер асты байлығымыз;
- әдеби, тарихи, мәдени мұралар;

Кез-келген мемлекет өзінің ұлттық мұрасын мақтан тұтады. Оның құны - сол елдің байлығының кепілі.

Ұлттық байлыққа жеке коллекционердің қолындағы көне заттар да жатады.

В) Венеция хартиясы бойынша отыз жылдан артық тұрған сәулет құрылысы, мекеме, мәдени, ресми, жеке үй, тағы басқалары ұлттық байлыққа жатады.

4. Мәтін бойынша жоспар құрастырыңыз. Мазмұнын айтуға қолданатын кілт сөздерді таңдаңыз.

5. «Ұлттық» деген сөзбен тіркесетін барлық сөзді атаңыз. Сөйлем құрастырыңыз.



6. Топтық жұмыс. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің үйде ата-бабаларыңыздан қалған мұралар бар ма?

Кітапхана ұлттық байлыққа жата ма?

Ұлттық байлық туралы көзқарасыңыз қандай?

Жерде қандай байлық бар?

Материалдық байлық қымбат па, рухани байлық қымбат па?

Дәулет пен байлық бақыттың кепілі бола ала ма?



7. Сөйлемді аяқтаңыз. Ұлттық байлықтың бұрынғысы, бүгінгісі, болашағы туралы жазыңыз.

Бұрын. Бүгін. Ертең

Бұрын -----

Қазір -----

Бүгінгі күні -----

Өткенде -----

Бытыр -----

Келешекте -----



8. Жұптық тапсырма.

Пирамида сызбасы. Мәтін бойынша сызбаны толтырыңыз.

I-қабат.----- (негізгі – 1 сөз)

II-қабат.----- (негізгі – 2 сөз)


III-қабат.----- (негізгі – 3 сөз)

IV-қабат.----- (негізгі – 4 сөз)

V-қабат.----- (негізгі – 5 сөз)

VI-қабат.----- (негізгі – 6 сөз)

XIII модуль. Салық. Қазақстан Республикасындағы салықтың түрлері



Грамматика: Септік жалғау, тұйық етістік, етіс категориясы.

Назар аударыңыз!

| |
|---|
| Шығыс септік(қайдан?) Қала+дан, үй+ден |
| Тұйық етістік +жіктік жалғау Нығайту+ымыз керек |
| Етіс Сал+ын+ды Кел+гіз+ді |

Сұхбаттар:

1.

- Қазақстан Республикасында салықтың қандай түрлері?
- Қазақстан Республикасында салықтың екі түрі бар.
- Салық дегенім із не?
- Салық дегеніміз - халықтан жиналатын төлем.

2.

- Сіз салық төлейсіз бе?
- Мен салық төлемеймін. Бірақ, әке-шешем салық төлейді.
- Сіз неге салық төлемейсіз?
- Өйткені, мен әлі студентпін. Мен ешқайда жұмыс істемеймін.

Тапсырмалар:



1. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыз, өз репликаңызды қосыңыз.



2. Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Салық, төлем, ынталандыру, шектеу, табыс салығы, қосымша құн, мүлік салығы, көлік құралдары



3. Мәтінді тыңдаңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.

Салық деген не?

Салық дегеніміз – үкіметтің кәсіпорындардан, адамдардан алған төлемі. Үкіметті, әскерді, милицияны ұстау үшін халықтан салық жиналады. Қалай мемлекет пайда болды, салық та солай дүниеге келді. Салық бірінші рет Қытайда пайда болды.

Салық міндеттері:

- қазыналық міндет (мобилизационная функция);
- бөлу міндеті;
- ынталандыру міндеті;
- шектеу міндеті;
- бақылау – бөлу міндеті.

Қазақстан Республикасындағы салықтар

Мемлекеттік салықтарға мыналар жатады:

- заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
- қосымша құнға салынатын салық;
- акциздер;
- құнды қағаздар операцияларына салынатын салық.

Жергілікті салықтарға мыналар жатады:

- жер салығы;
- заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- көлік құралдарына салынатын салық;
- жолсалықтары. (<http://www.ektu.kz/files/feim/KRYD/manual.pdf>)

4. Төмендегі сөздерге антоним табыңыз.

- Салықтан жалтару -----
- Салықты көбейту -----
- Салықтан босату -----
- Салыққа рұқсат беру -----
- Жанама -----

5. «Салық» деген ұғым қай сөзбен етістікті тіркес жасай алады?

Салықты (жинау, шығару, салу, ұру, секірту, есептеу, өндіру, ұйымдастыру, өткізу, көбейту, төлеу, ескерту)



6. Сұхбатты толықтырыңыз.

Салық төлеуші: Сәлеметсіз бе, құрметті инспектор мырза ?

Салық инспекторы: ----- .

Салық төлеуші: Мен кеше ғана сіздің инспекцияңыздан шақырту қағазын алдым.

Салық инспекторы: ----- .

Салық төлеуші: Мен дәрігер болып жұмыс істеймін, міне, еңбекақымызды алмағанымызға алты айдың жүзі болды.

Салық инспекторы: ----- .

Салық төлеуші: Алты ай ақша алмаған адамнан мәжбүрлеп өндіріп алуға сіздің құқыңыз жоқ.

Салық инспекторы: ----- .

7. Диаграмманы толтырыңыз, өз мәтініңізді құрастырыңыз.



8. Екі қатарғы сөздерден сөз тіркесін жасаңыз.

I. Төте салық
Мемлекеттік
Табыс салығын
Жанама салық
Салық түрелері

II. Салық
Төлейді
Белгіленеді
Қолданылады
Ерекшеліктер



Грамматика: Жедел өткен шақ, бұйрық рай, ортақ етіс.

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| <i>Жедел өткен шақ+жіктік жалғау</i> <i>Ал+ды, қатыс+ты+м</i> |
| <i>Бұйрық рай</i> <i>Кел+ейін</i> |
| <i>Ортақ етіс</i> <i>Жина+с</i> <i>Бөл+іс+ті</i> |

Сұхбаттар:

1.

- Алло, сәлеметсіз бе! Бұл банк пе?
- Иә, сізді тыңдап тұрмын.
- Сізді мазалап тұрған «Мерей» акционерлік қоғамының директоры. депозиттік есеп Ашу үшін біз сіздің банкті тандап алдық. Сізге бірнеше сұрақ беруге рұқсат етіңіз.
- Сіздің банкте жедел депозиттік салым бойынша проценттік төлем тәртібі мен мөлшері қандай?
- Салым өзінің тиісті процентін тоқсан сайын немесе ай сайын алады .
- Қандай процентке кепілдеме бересіз?
- Процент салымның көлемі мен мерзіміне байланысты.

- Ал шетелдік валютамен депозиттік салымның проценті қандай?
- Біздің банктегі шетелдік валютамен депозиттік салымның проценті депозит бойынша әлемдік ставка деңгейінде.
- Бағалы ақпараттарыңыз үшін рахмет. Біз сізбен келісуге жақын арада барамыз.
- Сізді күтеміз. Біздің ынтымақтастығымыз тиімді болатынына сенемін.

2.

- Сәлеметсіз бе! Маған долларды теңгеге айырбастау керек.
- Сәлеметсіз бе! Бізде доллардың бағамы-120 теңге.Сізге қанша доллар айырбастау қажет?
- Маған 200 доллар айырбастау керек.
- Сізден 24 мың теңге.
- Рақмет.Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

Тапсырмалар:



1.Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыз, өз репликаңызды қосыңыз.



2.Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Ақша айналымы,несие беру,жүйе, есеп ашу, мұқтаж, тексеру, тіркеу, несие, деңгей , кәсіпорын, құрылым, қарыз беруші,қарыз алушы.



3.Мәтінді тыңдаңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.

Банк жүйесі

Банктік жүйе –ол не? Банктік жүйе – инфрақұрылым . өндіріс болса, банкте керек. Банк бос капиталды өзіне жинап, оны мұқтаж болып отырған кәсіпорындар мен адамдарға қарызға береді.

Біздің елде банктік жүйе екі деңгейлі. Біріншісі – мемлекеттік, екіншісі –коммерциялық банктер. Ұлттық банктер бірінші, екінші деңгейдегі банктерді тексереді, тіркейді. Әр банк ашылған сайын Ұлттық Банк лицензия береді. Ұлттық Банк басқа банктерді жиі тексереді.

Коммерциялық банктер екінші деңгейлі банктерге жатады. Олар жеке де, акционерлік те болады.

Банктер қандай саясатты жүзеге асырады? Бірінші инфляция болмас үшін. Ұлттық банк коммерциялық банктегі ақша айналымын үнемі тексеріп отырады.

Банк – қарыз беруші мен қарыз алушының арасында делдалдық жасайтын, сөйтіп ақша капиталымен сауда жүргізетін мекеме. Банктер несие саясатын жүзеге асырады (<http://kazakhtest.kz/ots/362/>).



4. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

5. Мәтін бойынша жоспар құрастырыңыз.

6. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Банкте» тақырыбына мәтін құрастырыңыз.

Банктік қызмет, мемлекеттік банк, коммерциялық банк, ұлттық банк, лицензия береді, банктерді тексереді, несие алады, кәсіпкерлікпен айналысады, орта және шағын бизнесті дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, экономиканы көтеру, мүгедектерге және жетім балаларға көмек көрсету, салық төлеу, құжаттарды толтыру, шартқа қол қою, несиені қайтару.

7. Банк қызметкері мен клиент арасында сұхбат құрастырыңыз.

Керекті сөз тіркестері:

Есеп ашу, тиісті қағаздар, салымның ең төменгі мөлшері, бір жылға салу, өсім, кепілдеме беру, салым көлемі, бағаның өсуі, өте тиімді, сенімді банк.

8. «Банк» тақырыбына байланысты сөздерді тіркестіріңіздер.



9. Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына төмендегі қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз.

- а) Банк ... реттеп отырады
- ә) Банк ... арасында делдалдық жасайды
- б) Банк ... сауда жүргізеді
- г) ... халық шаруашылығындағы ...
- ғ) ... істерін реттейтін ...
- д) Банктен ... да несиеге ...
- ж) Банк ... жүзеге асырады.

Ақша айналымы, бағалы қағаз ұйымдастырып отырады, қарыз алушы мен қарыз беруші, ақша капиталымен, есеп- несие, мемлекеттік мекеме, жеке тұлғалар, ақша алады, әр түрлі операцияларды.

10. Мәтіндегі сөйлемдерді толықтырыңыз.

Қанат бөлімде жұмыс істейді. күнде көп клиент теңгені шетел ақшасына немесе шетел ақшасын теңгеге ... Шетел ақшасына ... өте үлкен.

Қазір доллардың бағамы ... теңге. Қанаттың жалақысы 12000 теңге. жалақысын уақытында

11. Төмендегі шағын мәтінді оқыңыз, қысқаша өз сөзіңізбен әңгімелеп беріңіз.

Несие - ақшаны не бұйымды уақытша қарызға беру. Кәсіпорын өз қаржысы жетпей қалған жағдайда банктен қарыз алады. Банктер несие арқылы шаруашылыққа ықпал етеді. Қарыздың берілу уақытына қарай несие қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Қысқа мерзімді несие айналым қаржысын құрау үшін жұмсалған шығынды жедел өтейтін жағдайда беріледі. Ұзақ мерзімді несие көбінесе негізгі қорларды ұлғайту не оларды қалпына келтіру үшін беріледі.



12. Топтық жұмыс.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Банкте қандай қызметтер жүзеге асады?
- 2) Банктің негізгі қызметі неге байланысты болады?
- 3) Банктегі ақшаға қатысты операцияларды атаңыз
- 4) Банк несиені кімдерге береді?
- 5) Қазақстандағы банктік жүйе нешеге бөлінеді?
- 6) Қазақстандағы банктерді атаңыз.
- 7) Шетелдік банктер туралы не айтасыз?
- 8) Банктердегі қызмет сіздің көңіліңізді толтыра ма?
- 9) Шетелдік банкке ақша аударғыңыз келе ме?
- 10) Ақшаңызды қайда ұстайсыз? Үйде әлде банкте ме?
- 11) Банкінің президенті болғыңыз келе ме? Президент болу үшін қандай қасиеттер керек?
- 12) Қазақстандағы банктердің қызметіне сенесіз бе? Көптеген банктер неліктен жабылды деп ойлайсыз?
- 13) Шетелдік банктің операциялары туралы білесіз бе?

14) Мемлекеттік банк пен коммерциялық банктің ең басты айырмашылығы неде деп ойлайсыз?

ХУ модуль. Жарнама – сауда двигателі



Грамматика: Жедел өткен шақ, бұйрық рай, ортақ етіс.

Назар аударыңыз!

| |
|--|
| <i>Жедел өткен шақ+жіктік жалғау</i> <i>Ал+ды, қатыс+ты+м</i> |
| <i>Бұйрық рай</i> <i>Кел+ейін</i> |
| <i>Ортақ етіс</i> <i>Жина+с</i> <i>Бөл+іс+ті</i> |

Сұхбаттар:

1.

- Алло, сәлеметсіз бе!
- Иә, сізді тыңдап тұрмын.
- Сізді мазалап тұрған «Шаңырақ» фирмасы директорының орынбасары. Біз жарнама берейік деп едік.
- Бізде жарнама бағалары әр түрлі. Ең төменгі баға – 2500 теңге.
- Бағалы ақпараттарыңыз үшін рахмет. Біз сізбен келісуге жақын арада барамыз.

- Сізді күтеміз. Біздің ынтымақтастығымыз тиімді болатынына сенемін.

2.

- Қазір жарнамадан көп нәрсе жоқ.
- Иә, жақсы бағдарлама көріп жатсаң, үзіп арасына жарнама береді.
- Көшелерде қаптаған жарнама.
- Қазақ тілінде берілген жарнамалар сын көтермейді.
- Нарықтық экономикада жарнама ең басты тетік болып саналады.
- Иә, жарнама- сауда двигателі.

Тапсырмалар:



1. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңыз, өз репликаңызды қосыңыз.



2. Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.

Жарнама, толтыру, сапа, хабарлама, тауар, тапсырыс, жарамдылық, кәсіпорын



3. Мәтінді оқыңыз, түсініксіз сөздермен жұмыс жасаңыз.

Қазақстандағы жарнама

Кейінгі уақытта жарнама туралы ақпараттар Қазақстанда да бой көрсете бастады. Экономикасы өте жоғары дамыған елдерде жарнамаға көп көңіл бөлінеді, себебі ол бюджетті толтырудың бір түрі.

Жарнама дегеніміз – тауар туралы, тауардың сапасы, жарамдылығы, қасиеті туралы хабарлама. Осы хабарлама арқылы тауарға деген сұранымды арттыруға болады. Жарнаманы құлақтандырумен жарнама агенттігі айналысады. Жарнама агенттігі - өз тауарлары мен қызметін сатып алушылар

табуға тырысқан тапсырыс берушілер. Олар жарнама және жарнама құралдарын әзірлейді, орналыстырады. Жарнама агенттігі – шығармашылық қызметкерлер мен коммерсанттардан тұратын тәуелсіз кәсіпорын.

Тауарларды жарнамалау жөнінде қызметтер бар. Баспасөз арқылы берілетін жарнама (баспасөздегі тікелей жарнама), хабар тарату құралдары, сондай-ақ сыртқа берілетін жарнама және транспорттағы, сауда жасайтын жердегі жарнама мәдени-сауық және спорт шараларын өткізу кезіндегі жарнамалар осы қызметтерге жатады.

4. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыз.

5. Мәтін бойынша жоспар құрастырыңыз.

6. Пікірсайыс.

Төмендегі сұрақтар бойынша өз пікіріңізді ортаға салыңыз.

1. Экономика қандай тағандарға сүйенеді?
2. Маркетинг қызметі деген не?
3. Ақпаратты жинау, шаруашылықты жүргізу ненің қызметі?
4. Шығарылған өнімді қозғалысқа түсіретін не?
5. Жарнамалық шараларды жүргізу маркетингтік қызметке жата ма?
6. Қазір баспасөзде неге жарнама көп?

7. «Жарнама» тақырыбына арналған қандай сөздер мен сөз тіркестерін білесіз?

Диаграмманы толтырыңыз.



8. Жаздыттық тапсырма:

а) Сіз жарнама агенттігінде жұмыс істейсіз. Төмендегі мақал – мәтелдерді пайдаланып, жарнама мәтінін құрастырыңыз.

1. Өнерлінің қолы – алтын.
2. Адам көркі шүберек.
3. Іздеген - табады.
4. Елу жылда - ел жаңа
5. Киім кірі жуса, кетеді.
6. Ебін тапқан екі асайды.

9. Төмендегі жарнама мәтіндері Қарағанды қаласының көшелерінен алынған. Осы мәтіндердің мағынасы жайлы не айтасыз?

I. Газета «Вестник» бәрі де бар.

II. Сәтінді жіберме.

III. Кепіліміз – сапа.

IV. Біз сөзімізге берікпіз.

V. Рахат дәмін таңдап ал.

VI. Бізді ұмытпа.

10. Жарнама мәтінін сипаттайтын сын есімдерді екі топқа бөліңіз.

I
Күлкілі

II
Маңызды

11. Жаздыттық тапсырма.

Сіз фирма қызметкерісіз. Тауарды өсіріп мақтамай, әрі азын – аулақ кемшілігін байқатпай қарапайым хабарландыру беріңіз.



12. Сұхбатты оқыңыз, толықтырыңыз.

- Сәлеметсіз бе ?
- Сәлеметсіз бе ? Мен сізді тыңдап тұрмын.
- Мен «Сәт» фирмасының менеджерімін.

13. Екі қатарды сәйкестіріңіз.

I
жарнама
тұтынушылар
тауар
сұраным

II
назары
мәтіні
арттыру
сапасы

Тест тапсырмалары:

1. Тәуелдік жалғауының екінші жағында (жекеше)
тұрған сөздер қайсы?
- A. ағасың, оқушысың
 - B. алаң, кең
 - C. кітабың, анаң
 - D. жең, мең
 - E. баласын, кітабын
2. Сын есімдер қай қатарда?
- A. ал, оқы, жаз
 - B. көк, ақ, сары
 - C. мынау, сен, біреу
 - D. он, отыз, елу
 - E. жеміс, дүкен, үй.
3. Қазақ тілінде неше септік бар?
- A. 5
 - B. 6
 - C. 7
 - D. 9
 - E. 10
4. Қазақстандағы екінші ірі қаланы көрсетіңіз.
- A. Павлодар
 - B. Астана
 - C. Өскемен
 - D. Қарағанды
 - E. Шымкент.

5. Септік жалғауларында тұрған сөздер қайсы? (атау септігінен басқа)

- A. Өзен, ағаш
- B. қалалық, көшелерің
- C. кітапханамыз, үйі
- D. теңге, үлгі
- E. баласын, аналарға.

6. Көмектес септігіндегі сөз қай қатарда?

- A. ол менімен бірге оқиды.
- B. ештен кеш жақсы
- C. «сіз», «біз» – деген жылы сөз.
- D. өзіңді өзің сыйлай біл.
- E. не ексең, соны орасың.

7. Бұйрық райды табыңыз.

- A. Ол сұраса мен жауап беремін
- B. Менің жауап бергім келіп отыр.
- C. Сәния үлкен жеке меншік үйде тұрады.
- D. Мен концертке қатысайын
- E. Мекемеде жұмыс істейді.

8. Етістіктің болымсыз түрі қай қатарда?

- A. Кітапты жырtpa.
- B. Жолдасыңа хат жаз.
- C. Ата-анаңмен сөйлестің бе?
- D. Кітапты сүй.
- E. Кеспе өте дәмді болды.

10. Сөйлемдегі жоқ сөзінің дұрыс жіктелуін табыңыз.

- A. Сіз ойлаған жоқсындар.
- B. Бізде жоқты
- C. Маған ол ұнаған жоқсың.
- D. Олар жоқты.
- E. Сендер барған жоқсындар.

11. Қай септікте мен есімдігі өзінің формасын өзгертеді?

- A. табыс
- B. барыс
- C. шығыс
- D. жатыс
- E. ілік

12. Қате жазылған сөзді табыңыз
- A. Сауатсыздық
 - B. Жұмыссыздық
 - C. Жауапсыздық
 - D. Көрімдік
 - E. Ақпарат
21. Дара нақ осы шақты табыңыз
- A. Мен жазып отырмын
 - B. Сен оқисың
 - C. Сіз отырсыз
 - D. Біз айтпақпыз
 - E. Олар барар
13. Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз
- A. Отырмыз
 - B. Қызымыз
 - C. Ұшқышпыз
 - D. Сіздікі
 - E. Әсемнің
14. Түсініктемені толтырыңыз: Қазақ тілі сабағына кешіктім, өйткені
- A. деканатта болмадым
 - B. басым ауырған жоқ
 - C. ішім ауырмады
 - D. жолда автобус сынып қалды
 - E. келгім келді
15. Есімшенің жұрнақтарын табыңыз
- A. -ып, -іп, -п
 - B. -ған, -ген
 - C. -ғалы, -гелі
 - D. -ды, -ді
 - E. -дай, -дей
16. Септеулік шылауды табыңыз
- A. мен
 - B. ғой
 - C. дейін
 - D. екен
 - E. еді
17. Сын есімнің салыстырмалы шырай түрін табыңыз

А. Кіші

В. Үлкендеу

С. Әп-әдемі

Д. Өте қымбат

Е. Терең

18. Қалау райды табыңыз

А. Біз көп оқысақ, көп білеміз

В. Театрға барғым келеді

С. Сен ертең маған кел

Д. Олар да келсін

Е. Мен кітап оқыдым

19. Барыс септігінің жалғауын табыңыз

А. –нан, –нен

В. –ны, –ні

С. –ның, –нің

Д. –ға, –ге

Е. –ғалы, –гелі

20. Жіктік жалғаулы сөзді табыңыз

А. студентпін

В. кітабым

С. әжемнің

Д. оқушыға

Е. балалар

21. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаны табыңыз

А. –ым, –ім

В. –ңыз, –ңіз

С. –ның, –нің

Д. –нікі, –дікі

Е. –нан, –нен

22. Көсемшенің жұрнақтарын табыңыз

А. –ғалы, –гелі

В. –ған, –ген

С. –ға, –ге

Д. –ты, –ті

Е. –тан, –тен

23. Күрделі нақ осы шақты табыңыз

А. Сөйлемді

В. Жатыр

С. Оқып отыр

Д. Оқымақ

Е. Келер еді

24. Қатаң дауыссыздарды табыңыз

А. р, л, м

В. б, в, г

С. п, с, к

Д. а, ә, е

Е. о, ө, ү

25. Мезгіл үстеуін табыңыз

А. таңертең

В. көшеде

С. ілгері

Д. артта

Е. үйде

26. Жіктік жалғаулы сөзді табыңыз

А. Кітапқа

В. Қазақпын

С. Қағазды

Д. Сағыздың

Е. Жалбыздан

27. Жедел өткен шақтың жұрнақтарын табыңыз

А. –ған, –ген, –қан, –кен

В. –ды, –ді, –ты, –ті

С. –ғалы, –гелі, –қалы, –келі

Д. –дай, –дей, –тай, –гей

Е. –тық, –тік, –дық, –дік

28 Туынды зат есімді табыңыз

А. қазақша

В. қалалық

С. оқушы

Д. үлгілі

Е. балаша

29. Бұрынғы өткен шақтағы сөйлемді табыңыз

А. Біз бұл кітапты оқығанбыз

В. Сендер радио тыңдадыңдар

С. Сіз шай ішесіз

Д. Олар оқи бермек

- Е. Ол кітапханаға барады
30. Бұйрық райлы сөйлемді табыңыз
- А. Сіз шақырсаңыз, біз барамыз
- В. Сен бүгін келме, ертең кел
- С. Қайда барғың келеді
- Д. Мен кітап оқимын
- Е. Көп оқыған көп біледі
31. Реттік сан есімді табыңыз
- А. алты
- В. бес-алты
- С. жетінші
- Д. жетеу
- Е. екі жарым
32. Сілтеу есімдігін табыңыз
- А. Мен, сен, ол
- В. бұл, сол, осы
- С. біреу, кейбір, бірдеме
- Д. бүкіл, барша, барлық
- Е. ешкім, ешқайда, ешбір
- 33 Түсініктемені толықтыр: Жолда автобустың сынып қалуына байланысты ...
- А. сабаққа кешікпедім
- В. сабаққа кешіктім
- С. сабақта ұйықтадым
- Д. деканатта болдым
- Е. асханада болдым
34. Көмектес септік жалғаулы сөзді табыңыз
- А. Шешеммен
- В. Шешенмін
- С. Шешеннің
- Д. Шешеме
- Е. Шешімге
35. Келер шақтағы сөйлемді табыңыз
- А. Мен хат жазып отырмын
- В. Кітап үстелде жатқан
- С. Біз ертең киноға барамыз
- Д. Олар сөйлесіп отыр
- Е. Мен кеше кітапханаға ардым

36. Мінездемеден алынған сөйлемді табыңыз
- A. Орындаушы мына міндеттерді қабылдайды
 - B. Ақысыз демалыс беруіңізді өтінемін
 - C. Жалақымды алуға сенім білдіремін
 - D. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады
 - E. З.О.Садықовадан екі күнге 5 мың теңге алдым
37. Туыстық атауларды табыңыз
- A. ұстаз, оқытушы, мұғалім
 - B. аға, тәте, әже
 - C. есімдік, етістік, үстеу
 - D. оқушы, шәкірт, студент
 - E. ақын, ғалым, тарихшы
38. Есептік сан есімді табыңыз
- A. біреу
 - B. екі
 - C. жетінші
 - D. төрт-бес
 - E. бес жарым
39. Антонимдерді табыңыз
- A. Алыс, алысырақ
 - B. Ыстық, суық
 - C. Әдемі, сұлу
 - D. Жылдам, тез
 - E. Қазір, бүгін
40. Жіктеу есімдігін табыңыз
- A. бұл, сол, ол
 - B. мен, сен, ол
 - C. ешкім, ешбір, ешқайда
 - D. біреу, бірдеме, кейбір
 - E. барлық, бүкіл, бәрі
41. Мақсатты келер шақты табыңыз
- A. келер
 - B. келді
 - C. келеді
 - D. келмек
 - E. келген
42. Ұяң дауыссыздарды табыңыз
- A. б, в, г, ғ

В. п, к, қ, с

С. л, м, н, ң

Д. а, ә, о, ө

Е. ұ, ү, ы, і

43. Керекті шылауды қойыңыз: Тіл ... заң.

А. бірақ

В. және

С. мен

Д. туралы

Е. сондықтан

44. Қатыстық сын есімді табыңыз

А. ұзын

В. көктемгі

С. жақсы

Д. ыстық

Е. суықтау

45. Сапалық сын есімді табыңыз

А. тауып

В. қысқы

С. таза

Д. күзгі

Е. аудандық

46. Қате жазылған сөзді табыңыз

А. бос орын

В. бірінші

С. жүрекім

Д. махаббатың

Е. елтаңбамыз

47. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз: Мерекеге байланысты екі күн ... болады.

А. демалыс

В. қызметі

С. еңбегі

Д. жұмысы

Е. мәжіліс

48. Синонимдерді табыңыз

А. ұзын, қысқа

В. көк, көгілдір

С. ақылды, ақылсыз

Д. әдемі, сұлу

Е. жақсы, өте жақсы

49. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз: Акт залында кәсіптік бағдарлауға арналған ... болады.

А. қызмет

В. жұмыс

С. еңбек

Д. демалыс

Е. мәжіліс

50. Берілген сөйлемді толықтыру үшін дұрыс грамматикалық нысанды табыңыз: Отбасы ... анықтама керек.

А. туралы

В. дейін

С. және

Д. сондықтан

Е. кейін

Репозиторий КАРГУ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы (27 қаңтар, 2012 жыл)
2. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі. Қарағанды, 2006.
- 3.Бектұров Ш.К., Бектұров А.Ш. Қазақ тілі: Ана тілі деңгейінде үйрету құралы. Алматы, 1998.
- 4.Бектұров Ш.К. Қазақша газеттерді оқып үйренейік. Алматы, 1999.
- 5.Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақ тілі для начинающих. Алматы: «Рауан», 1990 ж
- 6.Құлмағанбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге көмек Алматы: «Рауан», 1990 ж.
- 7.Ергалиева Н. Іс-қағаздарының орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1993.
- 8.Алдашева А.Қазақ тілі. Алматы, 1997 ж.
- 9.Доспанова Ж., Сарсембекова С.,Шахарман Г. Практикалық қазақ тілі. Алматы, 2002.
- 10.Орфографиялық сөздік.
- 11.Махмұдов О. Қазақша-орысша сөздік. 1998.
- 12.Әбілқасымов М. Тілдескіш.Алматы, 1997.
- 13.Мұса А.О. Қазақ тілінің практикалық курсы: оқу құралы. Алматы, 1998
- 14.Аяпова Т.Т.Қазақ тілі Алматы: Ғылым. 1998.
- 15.Ахметов А., Джунусбекова К. Казахский язык для русскоязычных и иностранных студентов. Алматы, 1995.
- 16.Франк В.Ю. Қазақ тілі: Жоғары сынып оқушылары мен студент. арн. Әмбебап анықтама. Алматы, 1999.
- 17.Құлмағанбетова Б., Елемесова Ж. Қазақ тілін үйренушілерге көмек. Алматы, 1990.
- 18.Құрманбаев Ш., Сыбанбаева А. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындары заң факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы, 2001.
19. Қазанбаева А.З. Қазақ тілі. Қарағанды, 2004.
- 20.Баяманова Р. Ғ., Абдрахманова Г. Х. Мәтінмен жетсін ұлағат. Оқу құралы. Қарағанды, 2001.Б.Қасым, Ж.Қырықбаева, І.Жұмабаева. Қазақ тілінің практикалық курсы бағдарламасы (SYLLABUS) және әдістемелік нұсқау (Кредиттік технологияға

негізделген жоғары оқу орындарының орыс бөлімдері үшін).
Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2007.

22. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
дайындаған типтік оқу бағдарламасы. Алматы, 2002.

23. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігінің "Көптілді білім беру мамандықтарына арналған
қазақ тілінің базалық курсы бойынша типтік бағдарламасына".
Астана, 2010.

24. www.tarih.spring.kz/kk/capital/astana

25. kk.wikipedia.or

26. www.testent.ru/publ/studenty/kaz

27. Айтбаева Б.М. "Қазақ тілі" электронды
оқулық. Қарағанды, 2009.

28. Айтбаева Б.М. "Қазақ тілі" мультимедиялық үйретуші
бағдарлама. Қарағанды, 2014.

Репозиторий Қарғу

МАЗМҰНЫ

| | |
|--------------------------------------|---------|
| Алғысөз..... | 3 |
| Модуль мазмұны..... | 4-5 |
| I модуль..... | 6-15 |
| II модуль..... | 16-23 |
| III модуль..... | 23-31 |
| IV модуль..... | 31-38 |
| V модуль..... | 38-45 |
| VI модуль..... | 45-48 |
| VII модуль..... | 48-57 |
| VIII модуль..... | 57-63 |
| IX модуль..... | 63-68 |
| X модуль..... | 68-75 |
| XI модуль..... | 75-86 |
| XII модуль..... | 86-89 |
| XIII модуль..... | 89-96 |
| XIV модуль..... | 96-108 |
| Тест тапсырмалары..... | 108-120 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі..... | 120-122 |

Қазақ тілі
(В-1 деңгейі)
(оқу құралы)

Айтбаева Бақыт Манатқызы

Басуға 19.09.2008 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 11,6 ес.-б.т. Таралымы 250 дана. Тапсырыс
№318.

Репозиторий КАРГУ